




### МЕКТЕП АСХАНАЛАРЫ ТЕКСЕРІЛДІ

8-БЕТ | БІЛІМ



### ОНЫҢ ОРНЫ ТӨРДЕ ЕДІ...

9-БЕТ | ТҰЛҒА



### БӘСЕКЕ АКТЕРДІ ӨСІРЕДІ

10-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біз жақсылыққа жетеміз десек, жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуіміз қажет. Яғни шын мәнінде озық ұлт болу үшін жақсылыққа ұмтылумен қатар, еліміздің өсіп-өркендеуіне кедергі болатын жаман әдет, жағымсыз қылық және қауіпті кеселден құтылуымыз керек. Бұл – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жолындағы өте маңызды қадам. Ұлы Абай «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» деген. Бұл – әрине, ешқашан ескірмейтін, мән-маңызын жоғалтпайтын өсиет.

№57  
(4645)

Сейсенбі  
14 мамыр  
2024 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## «БІРГЕ САЛАЙЫҚ!» ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Бірге салайық!» атты жаңа жобаны іске қосты.

Жұмыссыз азаматтар су тасқынынан зардап шеккен өңірлерде тұрғын үй салу және инфрақұрылымды қалпына келтіруге атсалысу арқылы жұмысқа орналаса алады. Құрылыс компаниялары ұсынатын бос жұмыс орындарын электрондық еңбек биржасынан көруге мүмкіндік бар.

Ведомствоның мәліметінше, Еңбек ресурстарын дамыту орталығы «Бірге салайық!» жобасы шеңберінде азаматтарды жұмысқа орналастыруды сүйемелдеу жөніндегі арнайы платформа әзірледі. Бұл enbek.kz электрондық еңбек биржасындағы жаңа модуль болады, осында кез келген адам бос орындармен танысып, өзіне ұнаған кез келгеніне ынта білдіріп, әңгімелесуден өте алады.

## АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Астананы жайлы әрі қауіпсіз қалаға айналдыру бағытында абаттандыру жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Биыл елордада 170 қоғамдық кеңістік пен аула аумақтарын абаттандыру жоспарланған. Сонымен қатар көгалдандыру мен жарықтандыру жұмыстарына да ерекше маңыз беріліп отыр.

3-БЕТ | ЕЛ ТЫНЫСЫ



Оңалхан ӨНЕРХАН

## АСТАНА – ӨНДІРІС АЛАҢЫ

Астана қаласындағы индустриалды парктегі кәсіпорындарда АҚШ, Франция, Швейцария, Түркия, Ресей, Польша елдері компанияларынан инвестиция тартылып, жұмыс жүргізілуде. Бүгінгі таңда республикалық жалпы ішкі өнімнің 11 пайыздан астамы елордада шығарылса, негізгі капиталға салынатын инвестицияның 10 пайызы да бас қалада қалыптасып отыр.



### БӘРЕКЕЛДІ!

## ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ ЭВЕРЕСТКЕ ШЫҚТЫ

12 мамырда Kazakh Everest Team құрамында Анар Борашева мен Мақсұт Жұмаев әлемдегі ең биік шың – Эверестте (8848 м) Қазақстанның туын желбіретті.

Анар Борашева Эверестке шыққан тұңғыш қазақ қызы болып тарихта қалады. Ал Мақсұт Жұмаев үшінші рет осы шыңға көтерілді. Шыңға шығу 5 күнге созылды.

18 мамырда елордадағы Триатлон паркінде «Run for Autism» қайырымдылық марафоны өтеді.

ЖҮГІРУДЕН  
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАРЫСЫ  
18 МАМЫР  
ТРИАТЛОН ПАРК



МАҚСАТПЕН  
ЖҮГІРУ!

ТІРКЕЛУ >



Қалалық ауқымдағы марафон 1 км, 2,5 км, 5 км, 10 км қашықтықтарда ұйымдастырылады. Қайырымдылық марафонынан түскен қаражат инклюзивті білім беруді дамытуға, аутизмі бар балаларды қолдауға бағытталады. Жоба туралы толық ақпарат [www.bolashakcharity.kz](http://www.bolashakcharity.kz) сайтында жарияланған.

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 473.54 \$ USD/KZT 439.4 ₸ RUB/KZT 4.76 ¥ CNY/KZT 60.82

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



## ВЕДОМСТВО БАСШЫСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваны қабылдады. Президентке Мәдениет және ақпарат министрлігінің атқарған жұмыстарының нәтижесі, сондай-ақ ведомствоның алдағы қызметі барысында қолданылатын перспективті тәсілдер жөнінде баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ақпарат, мәдениет, креативті индустрия, азаматтық қоғам, дін, этносаралық қарым-қатынас, жастар және отбасылық-демографиялық саясат салаларында қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берілді. Аида

Балаева ведомствоның жетекшілік ететін салаларын дамытуға қатысты жоспарын айтты.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы министрлікке мәдени-тарихи нысандардың инфрақұрылымын дамыту, шығармашылықты қолдау, Қа-

зақстанның мәдениетін шетелде дәріптеу секілді бірқатар нақты міндет жүктеді. Бұдан бөлек, креативті индустрияны институционалдық тұрғыда қолдау және аталған саланы жедел дамыту жұмыстарын жандандыру тапсырылды.

## ТАСҚЫНМЕН КҮРЕС ІС-ШАРАЛАРЫН ТЕКСЕРДІ

Үкімет басшысының орынбасары Қанат Бозымбаев Атырау облысы Индер ауданының Индербор, Жарсуат, Құрылыс ауылдарында, сондай-ақ Махамбет ауданына қарасты Махамбет, Сарайшық, Талдыкөл ауылдарында жағалауды нығайту жұмысын тексерді. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады.

Өңірде су тасқыны қауіп сақталып тұр. Жайық-Индербор және Жайық-Махамбет гидробекетінде су деңгейі қауіпті белгіден асып түсті. Жайық өзенінде су одан әрі көтерілуі мүмкін. Барлық қауіпті учаскеде тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылған. Табиғи апатпен күреске жергілікті тұрғындар, еріктілер және әртүрлі кәсіпорынның қызметкерлері белсенді түрде атсалысып жатыр.

Индер ауданында жер бөгеттерінің жалпы ұзындығы – 30 шақырым. Қорғаныс бөгеті Жарсуат, Индербор, Құрылыс,

Көктоғай, Өрлік, Есбол және Елтай елді мекендерінде салынған. Аталған жұмыстарға 40-тан астам арнайы техника, 300-ге жуық әскери қызметші және 100-ге жуық ТЖ қызметкері, оның ішінде Қызылорда облысы ТЖД қызметкерлері жұмылдырылды.

Махамбет ауданында Жайық өзенінің бойында 17 елді мекен орналасқан. Оларды қорғау үшін 80 км жағалауды нығайтатын бөгеттер салынды. Ауданда бөгеттердің жалпы ұзындығы – 105,8 км. Су тасқынына қарсы іс-шаралар жалғасып жатыр. Оларға 130 арнайы техника,

650 әскери қызметші, 200-ден астам ТЖ қызметкері, 300-ге жуық ерікті мен жергілікті тұрғындар тартылды.

Қанат Бозымбаев Махамбет ауданының әкіміне ежелгі Сарайшық қалашығы маңындағы Жайық өзенінің бойындағы бөгетті тағы да қосымша көтеруді тапсырды.

«Ол үшін мұнда Қорғаныс министрлігі жеке құрамының жүздеген қызметкері мен ондаған техника тартылады. Біздің тарихи мұрамызды қорғауға және сақтауға жауапкершілікпен қарау қажет» деп тапсырды Қанат Бозымбаев.



## ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Аталған Жарлық Мемлекет басшысының биыл 7 ақпандағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасын орындау шеңберінде әзірленді. Бұл құжат бәсекелестікті дамыту, экономикаға мемлекеттің араласуын қысқарту, бизнес шығындарын азайту арқылы кәсіпкерлік еркіндікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Біріншіден, Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің жанынан жекешелендіруге жататын мемлекеттік активтердің критерийлерін әзірлеуді және олардың тізбесін қалыптастыруды қамтамасыз ететін Жекешелендіру жөніндегі ұлттық офис құру көзделген.

Екіншіден, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ мен оның еншілес компанияларында корпоративтік басқарудың дербестігі мен сапасын арттыру, сондай-ақ олар жүзеге асыратын сатып алу процестерін жетілдіру жөніндегі шаралар қарастырылған.

Үшіншіден, тауарлар нарығындағы бәсекелестікті дамыту үшін бірқатар нақты

шараны іске асыру көзделіп отыр.

Төртіншіден, бизнес ашу және жүргізу үшін реттеу саясатын одан әрі жетілдіру және рәсімдерді ырықтандыру шаралары ұсынылады. Осылайша, тұтынушылардың квазимемлекеттік ұйымдар көрсететін коммерциялық қызметтерге қолжетімділігін, техникалық шарттарды алу және инженерлік желілерге қосылу рәсімдерін жеңілдету және автоматтандыру (цифрландыру) көзделді. Қазақстандық стандарттар бойынша міндетті түрде жобалау-металдық құжаттама әзірлемей, объектілерді салу үшін озық халықаралық стандарттарға сай келетін жобаларды пайдалануға мүмкіндік беру тапсырылады.

Бесіншіден, Жарлықта бизнестің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды күшейтуге, соның ішінде экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды қылмыс санатынан алып тастау, мемлекеттік органдар бастамашылық ететін тыйым салу-шектеу шараларын прокурорлармен келісу және басқа да рәсімдер арқылы күшейтуге бағытталған іс-шаралар кешені жеке блок ретінде берілген.

Жарлықтың жүзеге асырылуы экономикадағы мемлекеттік сектордың үлесін ауқымды және жедел түрде қысқартуға, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік үшін экономикалық кеңістікті ұлғайтуға қосымша серпін береді.

## КҮН ТӘРТІБІН БЕКІТТІ

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев Палата Бюросының отырысын өткізді. Онда депутаттар 16 мамыр күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.



Палата отырысында сенаторлар «1993 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заңды қарайды.

Құжат нормалары екі ел азаматтарының құқығын қорғаудың тиімділігін арттыруға, сондай-ақ, азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету бағытындағы ынтымақтастықты дамытуға арналған.

Айта кетейік, хаттамаға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 17 мамырда ҚХР-ға жасаған сапары аясында екі мемлекеттің Сыртқы істер министрлері қол қойды. Сонымен қатар «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер өнеркәсіп салаларында бірлескен кооперациялық жобаларды іске асыруды қолдауға арналған өзгерістер мен толықтырулар енгізу қарастырылған. Оның тізбесін ЕАЭО-ның үкіметаралық кеңесі айқындайды.

да Палата отырысының күн тәртібіне шығарылды.

Заң Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіп салаларындағы бірлескен кооперациялық жобалардың құқықтық негіздерін қалыптастыратын хаттаманы ратификациялауды көздейді. Сондай-ақ құжатта өнеркәсіп салаларындағы бірлескен кооперациялық жобаларды іске асыруды қолдауға арналған өзгерістер мен толықтырулар енгізу қарастырылған. Оның тізбесін ЕАЭО-ның үкіметаралық кеңесі айқындайды.

## МЕДБИКЕЛЕРДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

12 мамырда күллі әлемдегі медбикелер өздерінің кәсіби мерекесін атап өтті. Бұл мереке ең алғашқы медбике, денсаулық сақтау саласының көшбасшысы Флоренс Нейтингейлдің туғанына 203 жыл толуына орай тойланды. Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов астаналық медбикелерді құттықтап, олардың ерен еңбегін атап өтті.

«Елордамыздың медициналық мекемелерінде 6 мыңға жуық медбике жұмыс істейді. Статистикаға сәйкес, медициналық қызметтердің 80 пайызға жуығын кіші және орта медициналық қызметкерлер жүзеге асырады. Бүгін ең алғашқы медбике, денсаулық сақтау саласының көшбасшысы

Флоренс Нейтингейлдің дүниеге келгеніне 203 жыл толды. Оның құрметіне Дүниежүзілік денсаулық сақтау ассамблеясы 2020 жылды Мейірбикелік және акушерлік қызмет саласындағы қызметкерлердің халықаралық жылы деп жариялады. Денсаулықтың жаршысы, адам өмірінің қорғаушысы, науқас-

тың дертіне дауа сыйлаушы баршаңызды Халықаралық мейірбикелер күні мерекесімен құттықтаймын. Ерең еңбегіңіздің жемісін көріп, ұлт саулығы жолында аянбай еңбек етіп, биік белестерді бағындыра беріңіздер!» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

## ҮКІМЕТ ИММУНДАУҒА ҚАРЖЫ БӨЛДІ

Қазақстан Премьер-министрі Олжас Бектенов елімізде қолайлы эпидемиологиялық жағдайды қамтамасыз ету және балалардың денсаулығын қорғау үшін вакциналар мен медициналық бұйымдардың қосымша көлемін сатып алуға қаражат бөлу туралы қаулыға қол қойды. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады.

Ұлттық егу күнтізбесі шеңберінде уақытында екпе салынбай қалған 18 жасқа дейінгі балаларды иммундауға Үкімет резервінен 5832377600 (бес миллиард сегіз жүз отыз екі миллион үш жүз жетпіс жеті мың алты жүз) теңге бөлінді.

Денсаулық сақтау министрлігі жүргізген талдау нәтижесінде Қазақстанда екпе алмаған 800 мыңнан астам бала анықталды. Көкжөтел, дифтерия, А және В вирусты гепатиттері, қызылша, қызамық, сіреспе, полиомиелит, паротит және гемофильді инфекция сияқты қауіпті жұқпалы ауруларға қарсы толықтыра иммундау жүргізіледі. Қаражат облыстардың, республикалық

маңызы бар қалалардың және астананың әкімдіктеріне 747720 доза вакцина мен 542592 бірлік шприц сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансфертер түрінде аударылады. Ал Шығыс Қазақстан облысында балаларды қолда бар препараттар көлемі есебінен толықтыра вакциналау жоспарланып отыр.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, Қазақстанда қызылша бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақтанып келеді. Соңғы 2 айда сырқаттану деңгейі 32 пайызға төмендеді. Қосымша жаппай иммундау аясында шамамен 1,3 млн адам екпе алды, бұл – вакцина алуға жататын халықтың 91 пайызы. Сонымен

қатар басқа да вакцинамен басқарылатын инфекциялармен сырқаттану жағдайының артқаны байқалады. Мәселен, 2023 жылы көкжөтел бойынша кері динамика тіркелді, бұл ретте науқастардың 91 пайызы – екпе алмаған балалар. Сондай-ақ қызамық, эпидемиялық паротит және А вирусты гепатитінде де өсім тіркелді.

Халық арасында қауіпті инфекциялармен сырқаттанудың өсуіне жол бермеу үшін Үкімет басшысы Олжас Бектенов Денсаулық сақтау министрлігі мен әкімдіктерге иммундауды уақытылы жүргізу мәселесін және әрбір өңірдегі эпидемиологиялық жағдайды ерекше бақылауға алуды тапсырды.



## БИЫЛ 170 АУЛА АБАТТАНДЫРЫЛАДЫ

Астана қаласында биыл 170 қоғамдық кеңістік пен аула аумағы абаттандырылады. Осылайша, қаланы жүйелі деңгейде абаттандыру әрі қарай жалғасады. Бұл туралы елорда әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

«Елорданы аралау барысында бірнеше орынға бардым. Биыл 170 қоғамдық кеңістік пен аула аумағын абаттандыруды жоспарлап отырмыз. Бұл жұмыс қаланың барлық ауданын, оның ішінде елді мекендерді де қамтиды. Т.Жүргенов көшесінде (Алматы ауданы) жасыл желектерді ашамыз. Бұл көше – шағын ауданның басты көшелерінің бірі. Көше ашылған сәттен бастап 9 жыл ішінде жаяу жүргіншілер тротуарларының төсемдеріне жөндеу жүргізілмеген. Осыған байланысты учаскелердің көпшілігі ескіріп қалған. Сондай-ақ көгалдандыру жүргізілмеген әрі көше жарығы орнатылмаған. Осыған орай, Т.Жүргенов көшесіндегі жаяу жүргіншілер кеңістігін ауқымды абаттандыруға кірістік. Оның барысында кедергісіз орта құрылып, бос уақытты тиімді өткізуге арналған орындар ашылады, сол сияқты көгалдандыру, жарықтандыру және тағы

басқа жұмыстар жүргізіледі. Т.Жүргенов көшесін (Айнакөл көшесінен Ж.Нәжімеденов көшесіне дейін) абаттандыру жұмысы қазірдің өзінде басталып кетті. Мұнда 6 мыңнан астам ағаш пен 44 мың бұта отырғызу жоспарланып отыр» деді Ж.Қасымбек.

Сонымен қатар қала басшысы Мыңжылдық аллеясында 70 мың шаршы метр аумақты абаттандыру жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтты.

«Жоба үш учаскеден тұрады: 1) Қ.Аманжолов көшесіндегі жолдан Қазақ драма театрының басты кіреберісіне дейін; 2) Қазақ драма театрының солтүстік жағынан А.Байтұрсынов көшесіне дейін; 3) Қазақ драма театрының оңтүстік жағы – Ж.Нәжімеденов тұсы. Мұнда шағын архитектуралық формалар орнатылады, тротуарлар, жолақшалар жабықталады, сондай-ақ ағаштар отырғызылып, жарықтандыру жүргізілді және тағы басқа

жұмыстар атқарылды» деп түсіндірді әкім.

Оның айтуынша, «Жағалау» тұрғын үй кешенін абаттандыру аясында 18 гектар аумақты абаттандыру жоспарланған.

«Жағалауға» қарасты барлық 19 тұрғын үй алауы абаттандырылады. Ағаштар отырғызылады, жарықтандыру тіректері орнатылады. Ботаникалық бақта жүгіруге арналған жолақшалар мен веложолдарды жаңарту, ескірген төсемдерді жаңарту, жарықтандыруды қалпына келтіру, спорт алаңдарын жаңарту және т. б. жұмыс жүріп жатыр» деді Жеңіс Қасымбек.

Астана қаласы әкімі, сонымен қатар, ескі вокзал мен оған іргелес Гете және Біржан сал көшелерінің аумағын, Ақбулақ жағалауы, Президенттік саябақ, «Бейбітшілік пен келісім» саябағы және тағы басқа учаскелер кіретін Есіл өзенінің бойындағы саябақ кластері абаттандырылатынын айтты.

## АСТАНАДА АЛМА АҒАШЫ ГҮЛДЕДІ

Елордада алма, мамыргүл, қызғалдақ гүлдеді. Ататүрік саябағында (Байқоңыр ауданы) Алма аллеясы бар. Қазіргі уақытта бұл саябақта 100-ге жуық алма, 50-ден астам мамыргүл гүлдеді. Көктемгі қызғалдақтар да саябақты сұлулығымен безендіріп тұр.

Елорда тұрғындары мен қонақтары саябақта бос уақытын өткізіп, алма, мамыргүл және қызғалдақ ағаштарының жанында суретке түскенді ұнатады. Саябаққа келушілердің бірі Гүлдария Сәрсенова мынадай пікірін білдірді: «Елордада мұндай алма ағаштары бар деп мүлдем ой-

ламаппын. Соңғы рет мұндай сұлулықты Түркияда көрдім. Саябаққа тек серуендеу үшін келдік. Ал мұндағы сұлулықты көргеннен кейін серуеніміз фотосессиямен жалғасты. Бұл жер сондай әдемі!» деді ол.

Елорданың өзге де тұрғындары мен қонақтарының айтуын-

ша, бұл саябақ – елордадағы ең тыныш, демалу үшін таптырмас орын. Ататүрік саябағы 20 жыл бұрын – 2004 жылы салынған. Саябақ елорда тұрғындары мен қонақтарының ең сүйікті орындарының біріне айналды. Мұнда елорданың мәдени-бұқаралық іс-шаралары өтеді.



## ЖАНАРМАЙ САТЫЛЫМЫ ШЕКТЕЛЕДІ

Шетелдік азаматтар үшін бензин мен дизель отынына жаңа бөлшек сауда бағасы енгізілмек. Құн салығын ескере отырып, бензин үшін төмендегідей шекті бағалар белгіленеді.

Шетел азаматтары үшін: АИ-80 – 89 тг/л; АИ-92 және АИ-93 – 245 тг/л; дизель отыны – 315 тг/л. Қазақстандық жүргізуші құжаттары барлар

үшін: АИ-92 және АИ-93 – 205 тг/л; дизель отыны – 295 теңгеден. Лимит: жеңіл көліктерге – 100 литрге дейін; жүк көліктеріне – 300 литрге

дейін. 17 мамырдан бастап шетелдік автокөліктерге арналған бензин мен дизель отыны бекітілген бағамен саудаланады.

## КӨЛІК ЖӘНЕ ЛОГИСТИКА ИНСТИТУТЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Қазақстанда жаңа акционерлік қоғам – «Қазақстан көлік және логистика институты» АҚ құрылады. Бұл туралы Ашық НҚА порталында жарияланған Үкімет қаулысының жобасынан белгілі болды. Жаңа институттың жарғылық капиталын қалыптастыру үшін Көлік министрлігіне 2024 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Үкімет резервінен 184600000 теңге бөлінеді.

Көлік министрлігінің түсіндіруінше, мұндай шешім 2023 жылы 16 қарашада көлік саласын дамыту мәселелері бойынша өткен кеңесте қабылданған. Мемлекет басшысы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында ел аумағы бойынша жүк ағындарын

бағалау және болжау, көлік-логистика инфрақұрылымын дамыту тәсілдерін әзірлеу жөніндегі нысаналы ғылыми жобаларды қалыптастыруды, сондай-ақ тиісті мамандандырылған ғылыми-зерттеу (жобалау) құрылымын құру-

дың орындылығын қарауды тапсырды. Жаңа акционерлік қоғам құрылған жағдайда, ол Көлік министрлігіне тікелей қарайтын екі компанияның бірі болмақ. Екіншісі – «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамы.



№57 (4645) 14/05/2024 Сейсенбі

## РОБОТОТЕХНИКТЕР ДОДАСЫ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Әлихан Мақсұт атындағы «Robozerde-2024» I республикалық робототехника фестивалі өтті. Сайысқа еліміздің 15 аймағынан келген 150-ге жуық мектеп оқушысы қатысты.



Технократ оқушылардың алғашқы республикалық сайысын өткізудің мақсаты өмірден ерте озған дарынды оқушы, физика, робототехника салалары бойынша республикалық, халықаралық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалардың бірнеше дүркін жеңімпазы, жас ақын Әлихан Мақсұттың гибратты ғұмырын мектеп оқушыларына үлгі ету болды. Республикалық сайыс, сондай-ақ биыл 8-14 қыркүйек аралығында Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойынының құрметіне ұлттық салт-дәстүр мен ұлттық спортты насихаттауға арналды.

Іс-шараның ашылу салтанатына Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері, Мәжіліс депутаттары, Аманат партиясының өкілдері, Астана қаласы Білім басқармасының өкілдері, ғалымдар, қоғам қайраткерлері қатысты.

Салтанатты іс-шараға жиналған көпшілік белгілі кинорежиссер Мұрат

Есжан түсірген «Әлиханнның арманы» деректі фильмінің көрсетілімін тамашалады.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің басқарма мүшесі, академиялық мәселелер жөніндегі проректор Бейсенбай Артық, Аманат партиясының атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек, ҚР Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы вице-президенті, бас хатшы Тастанбек Есентаев фестивалде алғыс сөз сөйлеп, сайыскерлерге сәттілік тіледі.

«Робототехника – дамыған елдерде аса қажетті сала. Президентіміз де әрбір жиналыста жасанды интеллект, цифрландыру, технократияның маңызын айтып жүр. Себебі еліміздің болашағы осыған байланысты болып тұр. Егер мұны дамытпасақ, дамыған елдер қатарына қосыла алмаймыз. Сондықтан жастарымызды ғылымның осы саласына тәрбиелеу керек. Осы мақ-

сатта мен де өз ұлымды тәрбиелегенмін. Бірақ оның ғұмыры қысқа болды. Ұлымның арманын үзеу үшін, әрі қарай жалғау үшін басқа балаларды тәрбиелеуге күш салып жатырмын. Осындай орталықта дарынды балалардың басын қосып, мықтыларын таңдап алып, қолдау көрсету үшін сол саланың мамандарын шақырып, инновацияларды көрсетіп жатырмыз. Мысалы, киіз үйлер, қымыз шығаруға байланысты балалардың ерекше өнертабыстарын тамашаладық. Елімізді индустриялы мемлекетке айналдыру үшін үлкен жобаларды өзіміз қабылдап, идеяларымызды шетел алып кетпейтіндей етіп Қазақстанда қалдыруымыз керек. Жастардың идеясы көп, соны осы жерде орталықтандырып, насихаттау – парызымыз. Әлиханнның арманын жүзеге асыру үшін жастардың арманын ұштастырып, елімізді ең дамыған елдер қатарына қоссақ деген мүддеміз бар» деді іс-шараның ұйымдастырушысы, айтыс ақыны Серікзат Дүйсенғазин.

Сайысқа қатысушылар робототехниканың «РобоСпорт» бағытының төрт санаты («Арқан тартыс», «Асық ату», «Мерген», «Ақсүйек») және «Шығармашылық жоба» бағыты бойынша «Мәдени мұра және инновация» деген санатқа бақ сынасты. Тартысты доданың қорытындысы бойынша «Мәдени мұра және инновация» бағыты бойынша жеңімпаз елордалық №9 Зерде мамандандырылған лицейі оқушылары атанды. Ал «Арқан тартыс» бағыты бойынша Қарағанды облысының Ө.Бөкейхан атындағы тірек мектебі лайық деп танылды. Бұдан бұлай аталмыш фестиваль жыл сайын дәстүрлі түрде өтеді.

## ЕЛОРДАЛЫҚ ЕРІКТІЛЕР ЕРЛІГІ

Астанада 6 мыңнан аса белсенді волонтер бар. Ерікті түрде Астананың рухани дамуына, өркениетті орта қалыптастыруда жақсылық жасап жарысып жүрген елордалық еріктілердің ерлігі ерекше. Көмекке мұқтаж адамдарға жәрдем беруге, қоғамдық-әлеуметтік іс-шараларға қолдау көрсететін еріктілердің қызметі туралы Астананың орталық коммуникациялар қызметі алаңында брифинг өтті.

### Индира БЕРЖАНОВА

Брифинг барысында Оқу-ағарту министрлігінің «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КЕ АҚ президенті Есенғазы Иманғалиев «Менің бауырым» жобасына елордадағы 11 университеттің ерікті студенттері қатысқанын айтты. Волонтерлер педагогика, психология, әлеуметтік жұмыс, құқық және IT мамандықтары бойынша білім алады.

«Жобаны іске асыруда әдістемелік қолдауды Оқу-ағарту министрлігінің «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты жүзеге асырады. Институт мамандары 850 ерікті студент пен 2380 қала мектептерінің педагогтарына оқыту тренингін өткізген.

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын дайындау және өткізу жөніндегі дирекция басшысының орынбасары Абылай Қондыбаев бүгінгі таңда V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары кезінде қызмет жасайтын еріктілерді іріктеу жұмысы жүргізіліп жатқанын жеткізді.

– Қаңтар айында еріктілікке өтінімдерді қабылдау басталып, Астана қаласының 13 ЖОО қамтылған. Наурыз айында студенттерді еріктілер қатары-

на шақыру мақсатында қаланың 29 колледжінде кездесу ұйымдастырылған. Сондай-ақ V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары туралы ақпарат ұсыну және еріктілер қатарына шақыру мақсатында Есіл, Алматы, Нұра, Сарыарқа, Байқоңыр аудандарындағы белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарының қызмет алушыларымен кездесу өткен. Бүгінде келіп түскен өтінімдердің жалпы саны – 4683. Сонымен бірге волонтер болуға Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Өзбекстан, Вьетнам, Түркия, Германия, Франция, Испания, Корея, Түрікмен-

стан, Беларусь, Гана Республикасы және т. б. мемлекеттерден де өтінімдер келіп түскен, – деді А.Қондыбаев.

«Астана жастары» жастар ресурстық орталығының басшысы Шыңғыс Тілеулин астаналық еріктілердің сүтасынынан зардап шеккен аудандарға көрсеткен гуманитарлық көмегі туралы айтып өтті. Қазіргі таңда «Астана жастары» базасында 6000-нан астам белсенді волонтер бар. 29 наурыз-10 мамыр аралығында Астана қаласы аумағында мемлекеттік мекемелердің, әлеуметтік қоймалардың, кәсіпкерлердің, мемлекеттік емес ұйымдардың, жеке тұлғалардың және еріктілердің күшімен жалпы 1160,5 тонна гуманитарлық көмек жиналған. Қалалық волонтерлік штабының үйлестіруімен 10 пункт (әлеуметтік қойма) гуманитарлық көмек қабылдайды. Әлеуметтік қоймаларда 30 волонтерлік ұйым және 500-ден астам волонтер буып-түю жұмысын жүргізген.



## ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ ТҮСІНДІРІЛДІ

Елордада жазғы демалыс қарсаңында қала прокуратурасы, полиция және ТЖД қызметкерлерімен бірлесіп, мектептерде балалардың қауіпсіздік ережелері, оның ішінде жол жүру, құқық бұзушылықтың алдын алуы туралы хабардарлығын арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырды. Оған орта және жоғары сынып оқушылары қатысты.

Қызметкерлер балаларға төтенше жағдайлар кезіндегі өзін-өзі ұстау бойынша негізгі ережелерді, жол қозғалысы ережелерін сақтаудың маңызы, алғашқы медициналық

көмек көрсету дағдылары, құқық бұзушылықтың алдын алу және т. б. туралы айтып берді. Осындай іс-шараны елорданың барлық білім беру ұйымында өткізу жоспарланып отыр.

Астанада мамыр айының екінші жексенбісінде аталып өтетін Аналар күніне орай көптеген мерекелік іс-шара өтті. Елорданың әр ауданында рухани-танымдық кездесулер мен қойылымдар ұйымдастырылды.

## АНА – ГҮЛ, АНА – ӨМІР ШЫРАҒЫ

**Елордалық Достық үйінде арт-терапия форматындағы «Ана – гүл, ана – өмір шырағы» атты рухани-танымдық іс-шара өтті.**

Аналар күніне арналған мерекелік басқосуға елордалық Қазақстан халқы ассамблеясы аналар кеңесінің мүшелері, Алматы ауданы белсенді ұзақ өмір сүру орталығының шеберлері мен «Бақытты шаңырақ» қоғамдық қорына қарасты ерекше балалары бар 20-дан астам отбасы қатысты. Олар шеберлердің көмегімен сурет құрастырып үйренді. Сонымен бірге концерттік және ойын-сауық бағдарлама ұсынылып, балалар мен олардың аналарына сыйлық табысталады.

Қалалық Қазақстан халқы ассамблеясы хатшылығының қызметкері Гүлнәр Тайгокова сөз сөйлеп, елімізде алғаш рет өтіп отырған халықаралық мерекенің тарихымен таныстырды.

– Біздің орталықта қариялар

мет көрсетіп, олардың ұрпақ тәрбиесі мен ұлт болашағына қосқан үлесін атап өтті, «Аналар әлемі» көрмесі ашылды, жиналғандарға «қолөнер-тоқыма» шеберлік сабағы өткізілді.

Орталық көркемөнерпаздары даярлаған концертте шыққан барлық ән ана тақырыбына арналды. Қала зейнеткерлерінен құралған «Асыл мұра» домбырашылар оркестрі, «Ветераны» хоры мен «Сағыныш сазы» ансамблі, басқа да өнерпаздар өнерін ортаға салды.

\*\*\*

**Астана қаласы Нұра ауданы белсенді ұзақ өмір сүру орталығында «Ана – өмірдің тірегі» атты мерекелік іс-шара өтті.**

«Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегерлері шақырылған мерекелік іс-шараны Нұра ауданы белсенді ұзақ өмір сүру орталығының бөлім басшысы Мұрат Темірбола-



неше түрлі ісмерлікпен айналысады: тігін тігеді, киім пішеді. Міне, бүгінде белсенді қарттарымыз балаларға да қолғабыс көрсетіп жатыр. Олар шеберлік сағатына қатысушыларға сурет құрастыруға көмектесіп, сол арқылы кішкентайлардың моторика қабілетін шыңдауда, – деді Алматы ауданы белсенді ұзақ өмір сүру орталығының іс-шаралар ұйымдастырушысы Бақытжан Төлеубаева.

\*\*\*

**Ататүрік саябағында «Анаммен табиғат аясында» атты аналарға арналған іс-шара өтті. Ашық аспан астында сурет салу бойынша шеберлік сабағы, йога сабағы, көңілді старт форматындағы спорт жарысы ұйымдастырылды. Іс-шараны Байқоңыр ауданының әкімдігі ұйымдастырса, «Strong mothers NS» қоғамдық қоры қолдау көрсетті.**

– Іс-шараның мақсаты – аналар мен олардың балаларын ғана емес, бүкіл отбасын біріктіру. Шауақты күнде ардақты аналарымыз өз уақытын балаларға арнайды. Осындай жақсы іс-шараларды өткізу отбасын да, жалпы қоғамды да нығайтады. Бұл өз кезегінде қазақстандықтардың одан әрі ұйымшыл және біртұтас болуына ықпал етеді, – деп атап өтті қор басшысы Райгүл Серікбаева.

Іс-шара соңында қатысушылар үшін пикник және фотосессия ұйымдастырылды.

\*\*\*

**Есіл ауданы белсенді ұзақ өмір сүру орталығында қала кәсіпкерлерінің демешілігімен Аналар күні мерекесі аталып өтті. Жиында мерекенің мән-маңызы әңгіме өзегіне айналды. Орталық қызметкерлері «Батыр ана», «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегерлеріне құр-**

тов ашып, аналарды мерекемен құттықтады. «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» иегерлеріне орталықтың атынан сыйлық беріп, гүл шоғын табыстады. Аналарды құттықтау үшін Астана қаласы Ы.Алтынсарин атындағы Vinom мектеп-лицейінің 7-сынып оқушылары келіп, аналарға арнаған өлеңдерін оқып, күй тартты.

«Біздің орталықтың белсенді мүшелерін, алтын құрсақты аналарымызды құрметтеудің сәті түсті. Кенже Жылқыайдарова, Жұмақыз Дәуренбекова, Жанаргүл Қалибек «Алтын алқа» иегері болса, Алтын Телесінова – «Күміс алқасы» бар ана. Оларды құрметтеу арқылы отбасы құндылығын дәрйітейміз, отбасы институтының іргесін мықтаймыз» дейді Нұра ауданы белсенді ұзақ өмір сүру орталығының ұйымдастырушысы Ләззат Өтеғұлова.

Ұйымдастырушылар мерекелік көңіл күй сыйлаған іс-шараға демешілік көрсеткен «Шар құрылыс» ЖШС компаниясы мен «Оуи» гүлдер дүкеніне алғыс білдірді.

\*\*\*

**«Мадрид» тұрғын үй кешенінің кішкентай тұрғындары аналарына арнап ерекше флешмоб пен шығармашылық нөмірлер ұйымдастырды. Өз кезегінде аналар балаларға сүйікті тағамдарынан дастарқан жайды.**

«Ана болу – үлкен бақыт! Бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербеткен – аналар. Аналарды, әжелерді барлық елде тойланып жатқан аналар мерекесімен құттықтаймын!» деді көпбалалы ана, әже Баян Тайжанова.

Іс-шараның мақсаты – қоғамдағы отбасы құндылығын нығайту, ана болудың маңызын ұғындыру, аналарды құрметтеу және олардың қоғамдағы ролін атап өту.

Төлен  
ТІЛЕУБАЙ

# МӘСЛИХАТТЫ КІМДЕР БАСҚАРДЫ?

1993 жылдың 10 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілетті және атқарушы органдары туралы» заң қабылдады. Тәуелсіздік алуға, қоғам алдында тұрған мемлекеттік құрылым мен міндеттер нысанының өзгеруіне байланысты өкілетті биліктің құзыры да өзгерді.

1994 жылдың 7 наурызында Қазақстан Республикасында мәслихаттардың – I шақырылған (1994-1999 жылдар) депутаттар жиынының сайлауы өтті. Ақмола қалалық мәслихатының хатшылығына қаладағы кәсіпорындар мен ұйымдарды ұзақ жыл басқарған Александр Сергеевич Миронов сайланды.

II шақырылым депутаттарының қызметі жас астананы дамыту кезеңінде жүзеге асты. 25 депутат мандаты үшін 147 тіркелген үміткер бәсекелесті. Сайлау процесінің барысын саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері бақылады. Дауыс беру нәтижесінде, негізінен, педагогтардан, медицина қызметкерлерінен, кәсіпкерлерден тұратын 25 депутат сайланды. Николай Ильич Мещеряков, Сергей Михайлович Демочкин, Анатолий Петрович Островский, Вера Григорьевна Лукьянец, Александр Викторович Майер сияқты 5 депутат II шақырылымның (1999-2003 жылдар) депутаттар құрамына қайта сайланды. Депутат

Биыл елорда мәслихатының 30 жылдық мерейлі датасы аталып өтуде. Осыған орай, әр жылдарда қалалық мәслихатты басқарған адамдар туралы ақпараттарды жинақтап, топтастырып жариялауды жөн көрдік.



Александр Иванович Демидов мәслихат хатшысы болып сайланды. Демидовтың депутаттық өкілетінің мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты 2002 жылы Вера Григорьевна Лукьянец мәслихат хатшылығына сайланды.

III шақырылған Астананың мәслихат депутаттарының сайлауы 2003 жылдың 20 қыркүйегінде өтті. 25 сайлау округінен 177 үміткер тіркелді. III шақырылым депутаттарының жартысынан көбі бұрынғы шақырылымдардың депутаттары болатын. Соның ішінен Владимир Николаевич Редкокашин Астана мәслихатының хатшылығына сайланды.

2007 жылдың тамызында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және барлық деңгейдегі мәслихаттар де-

путаттарының сайлауы өтті. Сайлаулар алғаш рет пропорционалды жүйе бойынша жүргізілді. Сондай-ақ депутаттар өкілетін кеңейтуге «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» заңның қабылдануы да ықпалдасты. Астанадағы 25 сайлау округінен 129 үміткер ұсынылды. Сайланған депутаттардың көпшілігі бұрын Астана мәслихатының депутаттар корпусына енген.

IV шақырылған мәслихаттың хатшылығына III шақырылымның хатшысы болған, депутат корпусының жұмысын шебер басқарған Владимир Николаевич Редкокашин сайланды.

2009 жылдың қазанында мемлекеттік қызметке көшуге байланысты депутат Е.Нысанбаевтың депутаттық өкілеті тоқтады. Ел Парламенті Сенатының депутаттығына сайланған В.Редкокашиннің орнына Е.Оспанов Астана қаласы мәслихатының хатшысы болып сайланды.

V шақырылым депутаттары жұмысқа 2012 жылы кірісті. Басты назарда Мемлекет басшысының «Қазақстан-2050» стратегиясы аталатын Жолдауын жүзеге асыруға байланысты

шешімдері тұрды. Сайланған барлық 25 депутат өмірлік тәжірибесі мол кәсіби мамандар еді. Олардың бәрі – Nur Otan партиясының мүшесі. Астана қаласы мәслихатының хатшылығына Сансызбай Сейітжанұлы Есілов сайланды. Әр шақырылым сайын мәслихаттың сапалық құрамы жақсарды, өйткені мәслихат қызметі оның өкілетіне, кәсіби даярлығына байланысты болатын.

VI шақырылған Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының хатшысы қызметіне 35 жыл мемлекеттік қызметте істеген Жанат Нұрпейісов сайланды.

VII шақырылым депутаттарының бірауыздан қабылданған шешімі бойынша 38 жастағы Ерлан Каналимов Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы болып сайланды. Басқару институтының, сондай-ақ Қазақстан-Ресей университетінің түлегі өзінің еңбек жолын Астана қаласы Сарыарқа ауданы әкімінің ұйымдастыру-бақылау және кадр жұмысы бөлімінің маманы болып бастады, әр жылдары Ішкі саясат басқармасын басқарды. Кейіннен Байқоңыр ауданының алғашқы әкімі, Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары болды. Соңғы атқарған қызметі – Nur Otan партиясы елордалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары. Елорда мәслихатының бұл шақырылымдағы құрамында 31 депутат болды, олардың 26-сы – Nur Otan фракциясының мүшесі. Ең жас депутат Бақдәулет Жәнділдаев 22 жаста болатын.

VIII шақырылым депутаттарының бірауыздан қабылдаған шешімі бойынша 40 жастағы Ерлан Каналимов елорда мәслихатының хатшысы болып қайта сайланды. Астана қаласы мәслихатының сессиясында төрт тұрақты комиссияның төрағалары да сайланды. Құқықтық тәртіп және халықпен жұмыс жөніндегі комиссияға Азамат Айтхожин, бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері бойынша Кеңдебай Адамбеков төраға болды.

Құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі комиссияның төрағасы Владислав Сергеев, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі комиссия төрағасы Асқар Смағұлов болды. Елорда мәслихатындағы Аманат партиясының фракциясы басшысы болып Берік Жәкенов бірауыздан сайланды.



## ДЕПУТАТТАР РӨЛІ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ

Тәуелсіздіктің 30 жылында елімізде түбегейлі саяси және демократиялық өзгерістер болды. Осы бағытта жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі буыны – мәслихаттарға әрқашан маңызды рөл берілді. Депутаттар әрдайым белгілі бір саладағы заңдар мен құзыреттерді білуімен ғана емес, сонымен бірге адамгершілік пен немқұрайдылық деңгейімен де бағаланды.

Мен үш шақырылым депутаттарының басшылығымен жұмыс істедім. Бұл ретте қалалық мәслихатта да, ҚР Парламенті Мәжілісінде де ұзақ жыл бойы жұмыс істеген ұстазым Надежда Петухованы атап өткім келеді. Бұл тек жоғары білікті дәрігер, денсаулық сақтауды ұйымдас-

тырушы, қаланың құрметті азаматы ғана емес, сонымен қатар ол көптеген қазіргі депутаттардың, бүгін ҚР Парламентінің Мәжілісі мен мәслихатында жұмысын жалғастырып жүргендерге тәлімгер болды. Әрине, әр азамат – өз қаласының, өз елінің патриоты, бірақ мен өз қаласының гүлденуі үшін қолдан келгенін бәрін жасайтын депутаттар туралы айтып отырмын. Бұл қоғамдық жұмыс болғандықтан, олардың негізгі қызметіне жүктеме түседі. Қарапайым адамдар көбінесе жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін тегін жұмыс істей ме?

Өмір сүріп жатқан қаламыздың қаншалықты өзгергенін көргенде



қайран қаламын! Бұрын Парламент Мәжілісінің депутаты бола жүріп, елордамыздың тыныс-тіршілігінің көптеген мәселесі депутаттық корпус жұмысының арқасында шешілетінін түсінемін. Қазіргі депутаттарымыз-

дың мол тәжірибесі бар, олар қала тұрғындарын толғандыратын мәселелерді жігерлі және сауатты шешеді. Әріптестерім – Астана мәслихатының депутаттары Алтыншаш Табулдина, Владислав Сергеев, Динара Ораза-

лина және басқалардың жұмысын атап өтер едім. Бүгінгі таңда олардың алдында үлкен міндеттер тұр, олардың шешімі осы команданың іс-әрекетінің үйлесімі мен келісіміне байланысты. Депутаттардың рөлі бүгінде өте маңызды деп есептеймін. Әрине, сын әрқашан болған, бірақ халық қалаулылары оны іс-әрекетке басшылық ретінде қабылдауы керек, өйткені депутаттың басты міндеті – сайлаушылардың өмір сүру сапасын өзгерту. Жұмысты қайдан табуға болады, сапалы медициналық көмекті қайдан алуға болады, балаларды қайда оқыту керек деген мәселелер мәні бойынша шешілуі керек.

Баршаңызды Астана қаласы мәслихатының 30 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! Мемлекет басшысының алға қойған мақсатқа жету жөніндегі саясатын іске асыру үшін қазіргі халық қалаулылары өздеріне тапсырылған міндеттерді алдағы уақытта да жергілікті жерлерде абыроймен орындайтынына сенімдімін. Сайлаушылардың үміті ақталады, – деді Лариса Павловна.

Айгүл АЛЬЖАКСИНА



## ЕСУ АРНАСЫ ҚОҚЫСТАН ТАЗАРДЫ

Астананың дәстүрлі садақшылары мен ұлттық спорт түрлерінің спортшылары №4 спорт мектебінің аумағын және Ақбұлақ өзені есу арнасының айналасын тазалауға шықты. Акция «Мөлдір бұлақ» ұранымен өтті.

Қаланың барлық ауданында су айдындары – өзендер мен көлдердің айналасын қоқыстан тазарту жұмысы жүргізілуде.

Халықаралық дәрежедегі судья, жоғары спорт шеберлігі мектебінің әдіскері Дәулет Хамзиннің айтуынша, есу арнасының аумағын тазартуға 60-қа жуық адам қатысты.

– Бұл сенбілікке спортқа енді қадам басқан спортшылар да, биіктерді бағындырған және спорттық мәнсабында жетістіктері бар спортшылар да қатысты. Олар: бүркітшілер, тоғызқұмалақ, бес асық, асық ату спортшылары, садақшылар. Қазір «Толқын» спорт кешені ауданында 60-қа жуық адам есу арнасының аумағын тазарт-

ты. Бұл – шамамен 500 шаршы метр. Ауқымды акцияның негізгі мақсаты – әр адам осы дүниедегі тазалық пен тәртіп үшін жауапты екенін сезінуі үшін өскелең ұрпаққа экомәдениетті сіңіру, – деді Дәулет Хамзин.

Астана қаласындағы №7 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушісі, тоғызқұмалақтан әлем чемпионатының қола жүлдегері Ақжібек Манарбекқызы барлық елордалықты тазалық айлығына атсалысуға шақырды.

– Бүгін біз сенбілікке келдік. Мұнда ұлттық спорт түрлері бойынша көптеген спортшылары бар және биыл Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтетіні белгілі.

Сондықтан біздің мақсатымыз – әлемге еліміз бен қаламыздың қаншалықты таза екенін көрсету. Баршаңызды осыған үлес қосуға шақырамын. Тазалық табалдырықтан дениетті сіңіру, – деді Ақжібек Манарбекқызы.

Ауқымды эоакция аясында қаланы санитарлық тазарту, нөсер және арық канализациясын, көшелерді, тротуарларды, орамшілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау жұмысы жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ жасыл желектерді күтіп-ұстау және отырғызу, сауда нысандарына іргелес аумақтарды жинау, көгалдар мен гүлзарлар орнату, рұқсат етілмеген полигондарды жою және т. б. жұмыстар жүргізілуде.



## ЖАПЫРАҚ ЖҮРЕК – ЖАС МАМАН

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің экоерікті студенттері қаланы көгалдандыруға өз үлесін қосуда. Жоғары оқу орнының белсенділері «Жапырақ жүрек – жас маман» акциясына бастамашы болып, елордалықтарға көшет сыйлады.



ЕҰУ экоеріктілері «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экология акциясы аясында Алматы ауданының тұрғындарына 400 көшетті тегін таратты. Осылайша, астаналықтар өздерінің тұрғын алабына қарағаш, терек, сирень тәрізді ағаштарды отырғызды.

– Елордалықтарға көшет сыйлау акциясын біз «Жапырақ жүрек – жас маман» деп атадық. Мұндағы негізгі мақсат – жастардың өз еліне, қаласына, қоғамның өркендеуіне үлес қосу. Көшеттерді алған қала тұрғындары оларды өздері тұратын ауданға отырғызып, сол арқылы экологиямызды жақсартады деп сенеміз, – деді ЕҰУ әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор Ләззат Нұрқатова.

Еуразия ұлттық университетінің студенті Бектемір Кеңестай көлік және энергетика факультетінде білім алып жүр. Ол жастар экология акцияларына белсене қатысып, қаланы көркейтуге үлес қосуы тиіс деп есептейді.

– Экология әр адамнан басталады. Бұл – біз тыныс алатын ауа, біз ішетін су

және жейтін тамақ. Мұны ой-дан шығармаған жөн, – деді студент.

– Таза табиғатты сақтау өмір салтымызға тікелей әсер етеді, сонымен қатар бұл – әркімнің өз Отаны алдындағы борышы және жақсы өмір сүруінің кепілі, – деді акцияға атсалысқан ЕҰУ студенті Лаура Дәулетова.

Акция аясында жоғары оқу орнының аумағы тазартылып, ЕҰУ ректорлары, проректорлары, факультет декандары, оқытушылар мен студенттер көшет отырғызды.

Жалпы «Таза Қазақстан» акциясы барысында ЕҰУ студенттері, оқытушылары және қызметкерлері Астана қаласында 10 мыңға жуық көшет отырғызып, қала және университет көлеміндегі сенбіліктерге қатысты.



Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

## АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛДІ

Елордада «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экология акциясы жалғасуда. Оған студенттер, экobelсенділер, еріктілер, кәсіпорындар мен мемлекеттік органдардың қызметкерлері белсенді қатысуда.

Эоакцияға қатысушылар күрек, тырма және қапшықтарды алып, жағалау бойымен жүріп, бос бөтелкелер, темекі тұқылары және басқа да қоқыстарды жинады.

Алматы ауданы әкімі аппаратының бас маманы Нұрберген Нұрмұхамбеттің айтуынша, Есіл өзені жағасынан 300 тоннадан астам қоқыс шығарылды, бұл ауыр жүк көліктерінің 80-нен астам рейсіне тең.

– Аудан тұрғындары «Таза Қазақстан» республикалық эоакциясына аса ұйымшылдықпен қатысты. Осы аптада «Мөлдір бұлақ» атты акция өтті. Сенбілік аясында қала тұрғындары, экobelсенділер, мердігерлік және коммунал-

дық ұйымдардың қызметкерлері Есіл өзенінің маңын қоқыстан тазарту жұмысын жүргізді. Іс-шара қаламызды таза және тәртіпте ұстау үшін өткізілді, – деді Нұрберген Нұрмұхамбет.

«Мөлдір бұлақ» апталығы аясында өзендер мен көлдердің айналасын, қаланың су арналарын жағалауларын қоқыстан тазарту жұмысы жүргізілді.

Эоакция аясында индустриалды парк кәсіпорындарының 300-ден астам қызметкері Инвестициялар және даму басқармасымен бірлесіп, Астана қаласының кәсіпорындарымен бірге Алматы ауданында орналасқан Ақбұлақ арнасын қоқыстан тазартты. Ақбұлақ – елорда тұрғында-

ры демалатын және спортпен шұғылданатын орынның бірі. Аудан аумағында эоакция басталғаннан бері кәсіпкерлік нысандардың 5 мыңнан астам өкілі – кәсіпорындар, шағын

және орта бизнес субъектілері, сауда орталықтары, салондар, дәмханалар, дүкендер, басқа да жеке компаниялар мен ұйымдар өз объектілеріне іргелес аумақтарда тазалық орнатты.

Байқоңыр ауданы аумағында, Республика даңғылы, 10/1, Бөгенбай батыр даңғылы, 54, Абай даңғылы, 71 мекенжайларының аулаларында абаттандыру жұмысы басталды. Қазіргі уақытта

аталған аулаларда демонтаж жұмысы жүріп жатыр.

Экосенбілік аясында Нұра ауданының қар полигонынан 4000 кг-нан астам тұрмыстық қоқыс жиналды. Коммуналдық ұйым жұмысшысы Гүлмира Сүлейменова полигонды қоқыстардан тазарту жыл сайын өткізілетінін жеткізді.

«Біздің қала таза болуы керек. Табиғат та тазалықты жақсы көреді. Таза ауа болуы керек, бұл қоқыс бүкіл қалаға желмен таралмауы қажет. Әр адам өз аумағын тазалаған кезде осы өзгерістерді сезінеді деп ойлаймын» деді жұмысшы.

Сарыарқа ауданындағы мемлекеттік құрылымдардың қызметкерлері сенбілікке шықты. Шараға 300-ден астам адам қатысты. Сенбілік барысында Есіл өзенінің бойында, Ырыскелді қажы мешітінен бастап Көктал-1 тұрғын алабына қарай тазарту жұмысы жүргізілді.



Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ

**А**стана елдің экономикасындағы орны ерекше. Республиканың жалпы ішкі өнімінің 11 пайыздан астамы шығарылады және негізгі капиталға салынатын инвестицияның 10 пайызы қалыптасады.

«Астана – жаңа қала» құрылғалы өндіріс көлемі 7 434 миллиард теңгеге жетті. Экспорт көлемі 140,15 миллиард теңгені құрайды.

Соңғы жылдары қаланың жалпы өңірлік өнімі 272 еседен астам өсіп, 25,7 триллион теңгеден 7 триллион теңгеге жетті. 1997 жылдан бері өнеркәсіп өндірісінің көрсеткіші 50 есеге өсті. Бұл ретте, Индустриалды парк қозғаушы күшке айналды.

– №1 Индустриалды парк көлемі 653 гектарды құрайды және ол 15,4 мың гектар құрайтын «Астана – жаңа қала» құрамына кіреді. «Астана – Технополис» кіреді. №1 Индустриалды паркте инвестициялық портфельі нақты салынған 112 жобаны құрайды. 2023 жылы арнайы экономикалық аумақта 8,59 миллиард теңгені құрайтын 7 жоба пайдалануға берілді. 2024 жылы 19,8 миллиард теңгенің 10 жобасын іске қосып, 256 жұмыс орнын құру жоспарлануда, – деді Асхат Бекеев.

Қырғызстаннан арнайы келген делегация өкілдері биыл іске қосылатын жобаларға қызығушылық танытты. Атап айтсақ:

– «Ashina» ЖШС тигін фабрикасын, «ASIA Tech LOGISTICS» ЖШС ағаш құрамы бар плиталардан бұйымдар өндіретін цех, «DAT KZ» ЖШС талшықты цемент плиталары мен газдалған бетон блоктарын шығаратын зауытты салуды бастап кетті. Елордада құрылысы қарқынды түрде дамуда, оның ішінде тұрғын үй құрылысы жылдам жүріп, лифтке деген сұраныс арта түсті. Нарықтағы сұранысты «ЛС Групп» ЖШС қанағаттандыруға тәуекел етті. «DUAYEN» ЖШС жеке қорғаныс құралдары мен дезинфекциялау құралын, «Ваукопур кurylyс» теміржол жылжымалы құрамы қалыптарын өндіреді. Ал «Led System Media» ЖШС көкөністер, салаттар өңдеу және консервілеу цехын, «LED Solutions» ЖШС кабельдік-жарықдиодты өнім өндірісін кеңейту жоспарлап отыр, – деді инвестициялық орталықтың басқарма төрағасы.

САПАЛЫ ӨНІМ  
СҰРАНЫСҚА ИЕ

Бірінші объект – «Бірыңғай шоғырландыру орталығы» ЖШС зауыты болды. №1 Индустриалды паркте орналасқан зауыт резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіреді. Кәсіпорын жыл сайын 170 миллион бақылау-индикатор плиталары мен өздігінен жабысатын лейблдер, 24 миллион дана мал шаруашылығында қолданылатын сырға шығарады. Серіктестіктің негізгі өнімінің бірі – полипропилен қаптар.

Біз қырғызстандық делегациямен бірге қаптарды қалай шығаратынын көрдік. Зауыт директоры Замира Күзиеваның сөзінше, «Универсал» ЖШС компаниялар тобы 80-нен астам өнім түрін шығарады. Жүгері дәнін терең өңдеумен бірге, крахмал және крахмалдың қантқа айналып үлгермеген түрін өндіреді.

– Қаптардың шикізаты – полипропилен. Мұнай өнімдерінен жасалатын синтетикалық материал. Полимерлік қаптар экологиялық таза болып келеді. Жоғары технологиялық сапада өндіріледі. Оңайлықпен жыртылмайды. Біздің өнімдерге Ресей, Грузия, Литва, Эстония, Өзбекстан және Қырғызстаннан сұраныс жоғары. Өзге алыс-жақын шет елдерге экспорт-



# АСТАНА – ӨНДІРІС АЛАҢЫ

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» жобасы аясында іске қосылған Индустриалды паркке арнайы бардық. Делегация құрамында Қырғызстаннан келген іскер азаматтар бар. Astana Invest – қалалық инвестицияларды дамыту орталығының Басқарма Төрағасы Асхат Бекеев парктің жұмысымен таныстырып, зауыттарға жол бастады.



таудың жолын іздеп, әлемдік нарықты зерттеудеміз. Қаптарды ауылшаруашылығы дақылдары мен құрылыс заттарына кеңінен қолдануға болады, – деді зауыт директоры.

Полипропиленді жіпке айналдырып, сосын жіптен қап тоқиды екен. Қырғызстаннан келген іскер азаматтар өндірісті көзбен көріп, қызықтырған сұрақтарын жолдап, тиісті жауабын алды.

Зауыттың екінші блогында мал шаруашылығында қолданылатын сырға мен есептегіш құралдарға арналған пломбалар шығарады. Зауыттың өнімдері нарықта сұранысқа ие. Ең қарапайымы, электр энергиясы мен су шығынын көрсететін есептегіш плomba орнату міндетті. Егер есептегіш пломбалабаған болса, онда айыппұл арқалайсыз. Мал шаруашылығы саласында сырғаға сұраныс жоғары. Өйткені сырғаланған төрт түлкіті мемлекет өз кепілдігіне алады.

Су тасқыны салдарынан өлген төрт түлікке өтемақы беруде сырғалар талап етіледі.

Зауыттың жобалық құны – 2,4 миллиард теңге, онда 150 адам екі қолға бір күрек тауып, тұрақты жұмыс істейді.

ЭЛЕКТРОНИКА  
САЛАСЫНДАҒЫ  
БІРЕГЕЙ ЗАУЫТ

Электроника саласында өнім өндіретін қазақстандық бірегей компания – Сипап. Кеңседе және үйде қолдауға арналған коммутатор, модем, телефон аппараты және станциясын шығарады.

– 2005 жылы компания құрылып, сервистік қызмет көрсетумен және желілік жабдықты біріктірумен айналыстық. 2018 жылы №1 Индустриалды парк аймағында зауыт салынып, сипап брендіден өнім өндіреміз. Заманауи технологияны мең-

геріп, инновациялық жобаларды шығару біздің қолдан келеді. Бүгінде зауыттың білікті мамандары бағдарламаны қамтамасыз ететін операциялық жүйе мен схемаларды өздері жасайды. Өндірістің барлық кезеңдерінде өнім сапасын бақылау жоғары сапалы өнім шығаруға мүмкіндік береді, – деді зауыттың коммерциялық директоры Дастан Абдрахманов.

Өндіріс орны бес блоктан тұрады. Директор жол бастап, зауыттың қызметімен таныстырды.

– Қазақстандықтардың ой-өрісін өзгертіп, отандық брендтің шетелдік өніммен бәсекеге түсе алатынын көрсеткіміз келеді. Біздің командада 150 адам бар. Оның 80-і өндіріс орнында қызмет етеді. Әр блокта жұмыс істейтін мамандар өздерінің жұмысын жақсы біледі, – деді ол.

Бірінші блокта – аппараттың қаңқасы, яғни пластикалық

қондырғылар дайындалады. Пластик шикізаттар – Кореядан, ал плата шикізаты Қытайдан келеді. Арнайы қалыпта пластикті жоғары температурада балқыту, престоу жүргізіледі. Екінші блокта – маңызды бөлім. Онда Швеция, Корея аппараттары бойынша плата шығарады. Өндіріс тізбегі өте күрделі. Автоматты оптикалық тексеру, баспа платасын бірнеше рет суретке түсіру және оны түпнұсқамен салыстыру үздіксіз жүреді. Бұл процедура жоғары сапаны және ешқандай ақаудың болмауын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Үшін блок – қолмен дәнекерлеу секциясында технологияларға «жан бітеді». Платалардың тексеріледі. Сосын пластиктен арнайы дайындалған корпустарға платаларды орналастырып, сымдарын жалғап, чиптерді кодымен жинап, іске жарамды аппаратқа айналдырады. Төртінші блокта аппараттардың сапасы бақыланады. Мұнда тестілеу бірнеше кезеңге бөлінеді. Ең алдымен, бақылау нүктелеріндегі электрлік параметрлердің мәндерінің әзірленген схемаға сәйкестігі тексеріледі. Бұл өндірілген тақтаның 100 пайыз сапаға сай екенін растайды. Соңғы блокта өндірілген өнімді нарыққа шығаруға дайындап, арнайы қораптарға салады.

– Тәулігіне 1 мың телефон аппаратын шығара аламыз. Шетелдік және отандық компаниялар коммутатор, модем, телефон аппаратын шығаруға ниет білдірсе, тәжірибе алмасуға дайынбыз. Қырғызстандық әріптестер арасында заманауи технологияны игеруге ниет танытса, қолдаймыз. Шетел нарығын бағындыруға да әлеуетіміз жетеді, – деді Дастан Абдрахманов.

ШЕТЕЛ ӨНІМДЕРІМЕН  
БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ

Қалалық инвестицияларды дамыту орталығының Басқарма Төрағасы Асхат Бекеевтің

сөзінше, арнайы экономикалық аймақтың инвесторларға тартымды болуының бір себебі – логистикалық қызметі жақсы дамыған, теміржол желісі келіп тұр. Егер компаниялар өндірістің қуатын арттырып, сыртқа экспорттағысы келсе, онда теміржол желісін зауытқа дейін тартып алуға мүмкіндігі мол. Сондай екі компанияның жұмысымен де таныстық. Бірінші өндіріс орны – тез пісетін кеспе өнімдерін шығаратын «КПК «KazBrand» компаниясының зауыты. Жылына 200 миллион дана «Кеспебай» кеспелерін дайындайды. Серіктестіктің бас директоры Асхат Зариповтың айтуынша, комбинат алдымен кеспе шығаруды бастады, енді алдағы уақытта осы өнім түрінің асортиментін кеңейтіп, түрлі тұздықтар мен дәмдеуіштер өндіруді жоспарлап отыр.

– Кәсіпорында кеспенің екі бренді бар. «Кеспебай» – отандық бағытқа арналған, бағасы шетелдік өнімдерге қарағанда арзан. «Bastoo» – экспортқа шығаруға арналған өнім, – дейді ол.

Екіншісі өндіріс орны – LED шамдар шығаратын «Led system media» ЖШС. 2023 жылы компания 70 миллион теңгенің өнімі өндіріліп, мемлекетке 23 миллион теңгенің салығын төледі.

Зауыт өндіретін жарық диодты құрайтын жарықтандыру құрылғылары электр қуатын 3,5 есеге дейін үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл құрылғыларды пайдалану мерзімі 15 жылға жетеді. Артықшылығы, өнімдер экологиялық тұрғыдан таза әрі қауіпсіз. Компания диодты шамдарды «Semileds» (АҚШ) технологиясы бойынша өндіреді.

– Біздің өнім бірнеше деңгейге бөлінген. Олардың бірі – жоғары технологиялық бөлім. Мұнда жарық диодтардың өзі өндіріліп, дайын өнімдер тақтаға орнатылады, толымдауыштар жасалып, құрастырылады. Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау мен ие болған гранттың арқасында біз өндірістің вертикалды түрде құрылымын құрдық, – деп атап өтті компанияның құрылтайшысы Марат Абықаев.

**P.S:** Индустриалды паркте АҚШ, Франция, Швейцария, Түркия, Ресей, Польша компаниялары инвестиция құйып, жұмыс істеуде екен. Бұл отандық өнім өндірушілердің шетел компанияларымен тәжірибе алмасуы, жұмыс сапасын арттыруға септігі тиетіні анық.



№57 (4645) 14/05/2024 Сейсенбі

Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ

**М**ектепте тамақтануды жақсы ұйымдастыру – уақытының көбін мектепте өткізетін оқушы үшін денсаулығын жақсартудың кепілі. Толыққанды тамақтану көптеген аурулардың алдын алып, баланың оқуға үлгерімін, ынтасын дамытып, заманға сай өмірге бейімделуіне жақсы әсер етеді. Ал бала жас кезінде жеткіліксіз тамақтанса, оның дене бітімі дамуын тежеп, ауруына, зат алмасу жүйесіне әсер етіп, ағзасы мен дене бітімінде өзгерістерге әкеліп соғуы ықтимал.

Қалалық мәслихат оты-



## МЕКТЕП АСХАНАЛАРЫ ТЕКСЕРІЛДІ

рысында мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов «Мектептегі тамақтандыруды ұйымдастырудағы мемлекеттік органдар мен басқа да жауапты тұлғалардың жауапкершілік деңгейі төмен, оң қозғалыстар жоқ. Бұл саладағы түйткілді мәселелер жүйелі сипатқа ие және өз шешімін таппай келеді. Бұл жағдай 1-4 сынып оқушылары мен әлеуметтік осал санатындағы балаларды тегін тамақтандыруға бөлінген сома қомақты екеніне қарамастан орын алып тұр. Оқушылардың жартысына жуығы мектеп асханаларында тамақ ішпейді. Көбінесе тағам дәмді емес немесе төмен калориялы болғандықтан, балалар оны ұнатпайды» деп ілгеріде сынаған болатын.

Астана мектептерінің асханаларын тексерген Бракераж комиссиясының құрамына ата-аналар мен мектеп әкімшілігі кіреді. Тамақтандыру сапасын бақылауды күшейту үшін қаланың әрбір мектебінде сапаны бақылау жөніндегі бракераждық комиссия құрылған (оның құрамына қамқоршылық кеңес мүшелері, директор, медицина қызметкері, әлеуметтік педагог және ата-аналар кіреді (кемінде 10 адам).

Комиссияның міндеттеріне келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, Ыдыс-аяқ дайындау технологиясына, тоңазытқыш-технологиялық жабдықтың жарамдылығына,

Астанада ведомствоаралық сарапшылар тобы оқушылардың сапалы тамақтануын бақылауды жүзеге асыру үшін бірқатар мектепте болды. Сарапшылар білім беру ұйымындағы асхананың жұмысын бақылауды жүзеге асыратын бракераждық комиссияның жұмысына баға берді.

өнімдер мен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен шарттарының сақталуына мониторингті жүзеге асыру кіреді.

Сондай-ақ ведомствоаралық сараптама тобын құру туралы бекітілген бұйрық бар, оның құрамына Қоғамдық кеңестің, Қазақ тамақтану академиясының, Тамақтану проблемалары институтының өкілдері, қалалық мәслихат депутаттары, «Әділет» тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамы» қоғамдық бірлестігі және ата-аналар қоғамы кіреді.

Сонымен қатар, тамақтану қағидаларына сәйкес қаланың тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық топтар әрбір білім беру ұйымында оқушылардың тамақтану сапасын мониторингтеу жөніндегі бракераждық комиссияның қызметіне жүйелі мониторинг жүргізеді.

Олар ыстық тамақ пен буфет тағамдарының сапасын

бақылап, сондай-ақ екі аптада бір рет ас блогындағы санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын бақылауға міндетті.

– Тағам бағасын Білім басқармасы бекіткен. Біз балаларды дәмді, пайдалы және уақтылы тамақтандыруға міндеттіміз. Біздің мәзір белгіленген талаптарға сәйкес келеді, әр маусымда өзгереді. Асханада 12 қызметкер жұмыс істейді, – деді асхана меңгерушісі Татьяна Васильченко. Сарапшылар әр оқушыға арналған тағамның құрамы мен мөлшерін, сондай-ақ тиісті құжаттардың дұрыстығын тексерді. Сарапшылар тексеру барысында кемшіліктер анықталмағанын атап өтті.

Жыл сайын Астана қаласының білім басқармасы оқушылардың тамақтану рационы бойынша бірыңғай стандарттар негізінде Қазақ тамақтану академиясының Тамақтану проблемалары институтымен келісілген 4 апталық мәзір бекітеді. Мектептердегі тамақтандыру

сол мәзір негізінде жүзеге асырылады.

Орта білім беру ұйымдары интернет-ресурстарының «Мектептегі тамақтану» айдарында білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша: перспективалы, күнделікті мәзір, тағамдардың фотосуреттері, жұмыс жоспары, тамақтану сапасының мониторингі жөніндегі комиссиялардың актілері жөніндегі ақпараттар орналастырылған.

Шағым түскен кезде құрамына қаланың тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптама тобының өкілдері енгізілген Білім басқармасының комиссиясы құрылады. Комиссия шағым фактілеріне тексеру жүргізеді.

Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаев мектептегі тамақтану сапасы туралы айтты.

– Жалпы, бүгінгі таңда мектептегі тамақтану сапасы жақсы. Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары жүргізілуде. Мәзір қайта қаралуы мүмкін. Келесі оқу жылында сапалы тамақтануға дайындық жұмыстарын осы жазда бастаймыз, – деп түсіндірді басқарма басшысының орынбасары.

Ведомствоаралық сарапшылар тобы сауір айынан бастап қаланың 15 мектебінің асханаларына мониторинг жүргізді.

## МЕНІҢ АНАМ

Ана – әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы, ақ сүтін беріп аялаған ардақтысы. Мен анамды үнемі жанымнан табылатын ең жақсы адам деп білемін. Ақ сүтін беріп, мәпелеп өсірген анашым – дүниедегі ең қымбатты адам. Оны сөзбен жеткізу қиын.

Анама деген махаббатым шексіз. Мен анамның ыстық алақанын, ізгі ниетін, мол мейірімін әрқашан сезінемін. Менің әдептілігім мен жан дүниемнің сұлулығы әлпештеп өсірген анамның жүрегінен басталады. Менің бойымдағы ең жақсы қасиеттер маған алдымен анамнан тарайды. Анамның нәзік үні, жұмсақ аялы алақаны, жан жылуымен аялауы мені әлдилеп жұбатады.

Менің анам – өте мейірімді, сұлу, ақкөңіл жан. Анамның есімі – Гүлнұр. Ол менің жағдайымды жасап, әрқашан қамқор болып жүреді. Мен мектептен келгенде жайдары жүзімнен құшақ жайып қарсы алады. Дастарқанын жайып, дәмді тағамдар әзірлейді. Анамды көруге мен үйге асығамын. Ол – біздің үйдің берекесі, ұйытқысы, жанашыры. Отбасымыздың сәні мен гүлі. Мен анамды қатты жақсы көремін. Өскенде анам сияқты мұғалім болғым келеді. Анам менің жаратушымы, қашан өсіп, өзімнен өзің болып кеткенше жанымды сақтаушымын. Мен үшін жаным шүберекке түйеді. Менің болашағымнан үлкен үміт күтеді. Менің көңіл-күйімді қас-қабағымнан танитын алтын адам. Анам – үйіміздің берекесі, қыз баланың өнегесі, шаруаның несібесі. Анамның көзінен нұр төгіліп, жан-жағына мейірім шашады.

*Жаным күн көзіндегі  
шуақ төгегер,  
Анашым, қамқоршымың  
мәпелеген.  
Өзіңнің өн-бойыма  
қуат берер,  
Әрдайым алға қарай  
жетелеген.*

*Бесікке бөледің  
ән-жырыңды айтып,  
Ұйқысыз өткіздің ғой  
түндеріңді.  
Шырылдап жыласам да  
ұғынбай тұқ,  
Сіңірдің бойға барлық  
білгеніңді.*

*Қалауымды әр кезде  
таба аласың,  
Табанымнан ызғарды  
өткізбедің.  
Маған ғұмыр сыйлаған,  
жан анашым,*

*Саған деген алғысым  
шексіз менің.*

*Өмірдің алтын кілті сонда ғана, – дегендей көктем табиғатымен жылылық, шексіз мейірімділік, дүниеге жаңа келген тіршілік иесіне нұрын шашып, келешекке ақ жол, адал ниет нұсқап өмір себуші асқақ күдірет иесі, адам сәулетшісі – ол Ана. Адам өмірге келгенде айтатын ең алғашқы сөзі де – Анадан басталады. Алаш ардақтысы Міржақып Дулатов айтқандай, бізді сүйетұғын, күйетұғын, әрқашан қамымызды ойлап жүретұғын абзал жанды адам бұл – ана. Алдыңа қойған мақсатыңа жетуің үшін ана жанын қиюға да дайын. Ана баласының үлгілі қыз боп өсуі үшін бар күшін салып, тер төгеді. Ананың махаббатына, күдіретіне тамсанған талай ақын әнін арнап, жырын жазып, талай жазушы қалам тербеген.*

*Дүниенің нұры, өмірдің гүлі, қызықтың қызығы – ананың қолында. Ана бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді.*

*Барлық адам ана алдындағы ларызын өтеп, ақ сүтін ақтап, ананың шашына ақ түсірмей, тек осы асыл жандардың бақытты болуын ойлау керек. Себебі ең бақытты адам – анасы бар адам деп ойлаймын. Түн ұйқысын төрт бөліп оянатын анамның сенімін ақтау үшін мен жақсы оқып, үлгілі тәртібіммен, байқаулардағы, өнердегі жетістіктерімнен көзге түсуім керек. Мен анамды сыйлайтынымды, жақсы көретінімді қалайда жақсы қылықтарыммен білдіргенім жөн деп санаймын. Мен анамның ерқашанда көңілді жүруін тілеймін!*

*Аяулы анам! Сізге деген жүрегімдегі ризашылық сезімді қанша айтсам да жеткізе алмаспын. Бұл дүниеде сіз қасында болғанда ғана бақытты екенімді білемін. Анашым, мен үшін дүниенің бар асылы, данасы – бір өзіңіз! Жер бетіне жақсылық нұрын себетін аналарымыз аман болсын!*

**Айзере РЫСБЕКОВА,  
Райымбек батыр атындағы  
№50 «Қазғаршы»  
мектеп-лицейінің  
7-сынып оқушысы**

ӨЛКЕЙ МАРҒҰЛАН – 120

## МАРҒҰЛАН МҰРАСЫ – ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ

Саналы ғұмырын тау-тасы терең сырға толы қазақ даласын зерттеуге арнаған археолог, отандық тарих ғылымына мол үлес қосқан бірегей тұлға – Әлкей Марғұланның 120 жылдығы республика деңгейінде тойлануда.

Елордамыздың Көктал тұрғын алабынан орын тепкен, былтыр ашылғанына 20 жыл толған, талай түлекті үлкен өмірге қанаттандырған Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицейі 11 мамыр – қазақ археологиясы атасының туған күніне орай тәрбиелі, өнегелі іс-шараларды үзбей өткізіп келеді. Ұстаздар өскелең ұрпаққа оның үлгілі өмірін, зерделі зерттеулерін, теңіздей тұңғыш ойларын үнемі айтып отырады.

Әлі есімде, 2000 жылдардың

бас кезі – жоғымыз түгенделіп, өшкеніміз қайта жанған уақыттан бастап бұрынғы басшымыз, елордалық білім беру жүйесінде өзіндік қолтаңбасы қалған білікті, ұлтжанды азамат марқұм Ербол Іргебайдың бастамасымен Әлкей Марғұлан есімін ұлықтауға ұдайы көңіл бөлініп келеді. Міне, содан бері арада қаншама уақыт өтсе де, ұстаздар қауымы мен аяулы шәкірттер ғалым есімін ардақтап, мектебіміздің өзіндік дәстүріне адал.

Танымдық бағыттағы іс-шаралар легі бір аптаға жалғасты. Олардың қатарында «Әлкей Марғұлан музейі – тәрбиенің қайнар бұлағы» атты мектепшілік музейге экскурсия жүргізу, «Марқасқа маңғаз – Марғұлан» мәнрлеп оқу сайысы, «Тұлғаның рухани бейнесі» атты әдеби кеш, «Марғұлан – өшпес жарық күн» тақырыбын арқау еткен шығармашылық сайыс, «Ұлт мақтанышы – Әлкей Марғұлан» бірыңғай тәрбие сағаты бар. Ал 10 мамырда өткен салтанатты жиында түлектеріміз ғалымның өмірбаянын тарқатып айтып, ғылымда өшпес із қалдырған ойшылдардың, қайраткерлердің Әлкей Хақанұлы жайлы айтқан пікірлерін, өлеңдерін жатқа оқыды. Мектебіміздің 1-қаба-



тында орналасқан, кемеңгер тұлға деген шексіз құрметтің белгісіндей болған Әлкей Марғұлан бюстіне гүл шоғын қою мәртебесі «Алтын белгіге» үміткерлер – Рустам Сейітжан мен Мәдина Ермағамбетованың үлесіне тиді. Мектеп директоры Сауле Амангелдіқызы ғалым

мұрасын насихаттау барша-мызға ортақ парыз болғандықтан, Әлкей атамыздай білімге құштар, ізденімпаз шәкірттер қатары көбейе беретініне сенім білдірді. Іс-шара соңы, дәстүрге сай, мектептің әнұраны – «Марғұлан» маршымен аяқталды. Тау тұлғаларын ардақтап өсер

ұрпағымыз білімді, келешегіміз кемел болсын!

**Жұмагүл БАЛТАШҚЫЗЫ,  
Астана қаласы Әлкей  
Марғұлан атындағы  
№40 мектеп-лицейі  
директорының оқу ісі  
жөніндегі орынбасары**



**К**өпке белгілі, ХХІ ғасыр өзімен бірге ала құйын дауыл болып та келді. Ғасырлар бойы жиналған әлеуметтік, экономикалық, демографиялық, таптық, саяси, ұлттық, мемлекетаралық қайшылықтар шиеленісе түсті. Ол бір қол қусырып қарап отыруға болмайтын аса күрделі кезең еді... Ел ішін жайлаған үргедек көңіл-күйді шұғыл, қарқынды әрі батыл түрде қолға алған іс-әрекеттер ғана баса алатын еді. Сол заматта заманның төл перзенті Аман Төлеевтің талантының мәні, оны күрделі экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге қабілеттігі, сонымен қатар саяси жағынан жүзеге асыруға болатын шешімдерді қабылдауға деген айрықша сезімталдығы көрініс берді.

Ол өзгерістің күшті катализаторы болды. Төлеевтің бойындағы ерекше адамгершілік қасиеттері – күшті темперамент, қуат-жігер, стратегтік көрегендік, қалыптасқан жағдайды дәл түсінушілік, дер кезінде ескі мұрадан бас тартып, өзгеріс жасау керектігін мойындау тәрізді қабілеттер басым еді.

Осы ретте ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жақында Атырауда өткен құрылтайда айтқан мына сөзі еске оралады:

«Адал адам дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар» деп көрсетсе, сол талапты жастайынан бойына сіңірген, жат жерде жалынды жарқырап көрінген Аманкелді Төлеев болды. Ол нағыз адал адам еді, олай болмағанда, ол ортада оған орын жоқ еді. Кемер халқы оның қолы таза, жүзі таза, жүрегі тазалығына бас иді, сол үшін ерекше қолдады. Біз, аға буын, оны халқымызға, жас ұрпаққа үлгі етеміз.

Аманкелді Төлеев өзі өмір сүрген ортада, халық қазынасын ел игілігіне жаратуға бар күш-жігерін жұмсап, адалдықтың алдығы сапындағы тұлға азамат ретінде танылды. Ол халықтың қалтасын қағып, байлыққа батқандарға қарсы шығып, халық мүддесін қорғай білді. Сондықтан, ол халық губернаторы деген атқа ие болып, ұзақ жылдар алып Ресейдің айтулы аймағын әлемге танытты. Кейбір билік өз жұртын тонап, абыройларын аяқ асты етіп жатқанда, туған елге келіп, еңбек етуіне кедергі келтірушілер оның тазалығына, іскерлігіне тамсанғанмен, табалдырықтан аттауына ықылас білдірмеді.

Аманкелді Молдағазыұлы Ресей қоғамында «Жаңа экономикалық бағыт» деген бағдарламалық реформалардың үлкен пакетін дайындау жөнінде ұсыныс жасады. Ол Ресей Президенті Б.Ельциннің бұл ұсынысқа немқұрайды, атүсті қарағандықтан, өз талаптарын ашық аудиторияға алып шықты. Сол тұста әрбір губернатор өз аймағының бір-бір князі іспеттес еді. Олар өздеріне берілген биліктен айрылып қалмауды ойлады. Ал Аманкелді Молдағазыұлы халық игілігі үшін ештеңеден тайынбады. Ол халық алдында ашық шешендік тілімен де, салмақты пікірімен де, өз имиджін қалыптастырған саясаткер болды. Сондықтан, халық оны «Халық губернаторы» деп атап кетті.

Біз көбіне оппозиция мен билік арасында диалогтың жоқтығы, биліктің диалогқа келуге ұмтылысы жоқ екенін ашық сынамыз. Билік үшін

«Сүйер ұлың болса сен сүй, сүйінерге жарар ол!»  
(Абай)

## ОНЫҢ ОРНЫ ТӨРДЕ ЕДІ...

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары басында әлемдік саясат арнасында бұрын қарапайым жұрттың ойына кіріп те шықпаған небір дүрбелең, саяси оқиғалар орын алды емес пе?.. Соның бірі және ең нақты көрінісі – мызғымас берік деп келген Кеңес Одағының іргесі сөгіліп, ыдырай бастауы болатын. Кешегі бодан елдер тәуелсіздікке қолдары жеткен соң бірден саяси-экономикалық бағыт-бағдарын анықтап ала алмай, абдырап қалғаны да рас. Елдің осындай дағдарыс пен күйзеліске ұшыраған талай сәттерінде билік басындағы лауазымды тұлғалардың парасатты көрегендігі мен іскер біліктілігі алып шыққандығына тарих куә. Сондай жеке тұлғалар қатарында Ресейдің ең үлкен аймақтарының бірі – Кемеров өлкесінің губернаторы, қандас бауырымыз Аманкелді Молдағазыұлы Төлеевтің есім-сойын айрықша атап өткеніміз орынды.

құрылған, жекелеген тұлғалардың мүддесі үшін қызмет ететін ұйымдар да жоқ емес еді. Міне, Ресейде осының бәрине қарсы бастамашы болған Аманкелді Молдағазыұлы семсер сөзді Махамбет бабасы секілді саясат майданында бой көтерді. Осылайша Ресей билігінің онымен санасуына тура келді.

Аманкелді Молдағазыұлы, көнігі саясаткерлер тілімен айтқанда, үш қанатты қайраткер еді. Өзінің арғы тегінен ажырамаған адам – «Аспан адамы», рухани бастауынан бөлінбеген адам – «Қасиетті адам», шындықтан бөлінбеген адам «Кемел адам» деген екен (Чжан Цзы). Ол осы үш талапқа да жауап бере алды.

1991 жылы сәуірде Кемерово теміржолының кеншілері мен жұмысшыларының еңбек ұжымдары Аман Төлеевті РСФСР Президентігіне кандидат етіп ұсынады. Сол жылғы 12 маусымдағы дауыс беру қорытындысы бойынша алты кандидаттың арасынан Бо-

1993 жылы 12 желтоқсанда А.Төлеев № 42 Кемерово қосмандатты сайлау округі бойынша Ресей Федерация Кеңесінің бірінші шақырылымының депутаты болып сайланды. Ол ақиқатты айтудан қаншама жапа шексе де, одан бас тартпайды. Ельцин билігі тұсында рухани өмірдің және мемлекеттік модельдің дұрыс жүргізілмей отырғандығын сан мәрте сынап, өз ойын ашық білдіреді. Шешім қабылдауда Ресей өрескел зор қателіктерге бой алдырып отырғанын ескертеді.

1996 жылы тамызда Аманкелді Молдағазыұлы Виктор Черномырдиннің жаңа үкіметіне қосылу туралы ұсынысты қабылдайды. Ресей Федерациясының ТМД-ға мүше мемлекеттермен ынтымақтастық жөніндегі министр қызметін атқарады. Сонымен бірге ол Жедел мәселелер жөніндегі үкіметтік комиссияның мүшесі болды. Аманкелді Төлеев Кемерово облысын 21 жылға жуық басқарды. Ол сайлауда



ның өмірінде тұтас бір дәуірі қалды. Соншама қиын талмауыр кезеңде оған от пен суды біріктіруге тура келді. Аптаның жиырма төрт сағатында ауыр арпалыста жүрген кездер де болды. Соңында қатты сырқатқа ұшырады. Онымен қоштасу рәсімінде сөз сөйлеген ресейлік саясаткерлер Аман Төлеевті өз қызметінде әрқашан халық мүддесін бірінші орынға қойған нағыз халықтық губернатор ретінде еске алды. Оны «ішкі саясат-тың патриархы», «өз атын Кузбастың және бүкіл Ресейдің тарихына жазған көшбасшы» деп атады. Оның жеке қасиеттері ішінде Төлеевтің адалдығын, даналығын ең күрделі мәселелерді шешуге болатын жоғарғы қабілетін, әдептілігі мен ізгілігін атап өтті.

Федерация алдында сіңірген еңбегі үшін А.М.Төлеев көптеген марапаттарға ие болды. 2000 жылы қыркүйекте Владимир Путиннің қолынан «Құрмет» орденін алды, IV, III

атқарса да, туған еліне деген құрметі, перзенттік сезім оты өшкен емес. Ол әрдайым қазаққа жүрегінің майын шам етіп жағып, тілек етті.

Мынаны қараңыз... Бір кезде өгей әкесінің тегімен Власов болып жазылмай, өзінің ата-тегі Төлеев болып танылған оның сонау балдаурен-балалық шағының өзінде қанына тартқан тектілік жатыр емес пе?! Ол бұрын да, кейін де Қазақ елінің бір қиян шетіндегі Маңғыстау, Мырзашөл, Шардара өңірлеріндегі ағайын туыс-бауырларын іздеп келіп, әке рухы, ата-бабалар рухын ұлықтап, арагидік ат ізін салып тұрғаны, сырттай тілектес қалып қазақ жұртымен қауышып, көңілі марқайып, мәре-сәре болып қайтқаны елдің әлі есіңінде!..

Осы өлкені өзінің туған жерінде көрді. Ет жақын туыстарын да осы өлкеден тапты. Оның көп аралаған, көңілін сергіткен даласы да, жанына жалау іздегенде тыныштық та-



Аманкелді Молдағазыұлы, көнігі саясаткерлер тілімен айтқанда, үш қанатты қайраткер еді. Өзінің арғы тегінен ажырамаған адам – «Аспан адамы», рухани бастауынан бөлінбеген адам – «Қасиетті адам», шындықтан бөлінбеген адам «Кемел адам» деген екен (Чжан Цзы). Ол осы үш талапқа да жауап бере алды



рис Ельцин, Николай Рыжков және Владимир Жириновскийден кейін төртінші орынға ие болуының өзі оған деген халықтың сенімін көрсетеді.

Мәскеуде Халық ассамблеясы ұйымдастырған оппозициялық митингілерге қатысып, президент Борис Ельциннің бағыт-бағдарына қарсы шығып, Егор Гайдар бастаған Ресей үкіметінің экономикалық бағдарламасын сынады және 1993 жылы қазанда Президент пен Жоғарғы Кеңес арасындағы қақтығыс кезінде парламентті таратуға қарсы болды. Ол халық депутаттарының съезін Мәскеуден Кемеровоға көшіруді ұсынды. Бұл оның көзсіз батырлығы еді.

халықтың ең көп қолдауына ие болған әкімдердің бірі болды.

2018 жылдың 1 сәуірінде Ресей Президенті Владимир Путин Төлеевтің отставкасын қабылдайды. Экс-губернатордың айтуынша, оның облыс басшысы қызметінен кетуі туралы шешімі Кемероводағы «Зимняя вишня» сауда орталығында 60 адамның өмірін қиған өрттен кейінгі өз ары алдындағы «дұрыс шешім» болды. Одан кейін де халықтың ұсыныс-тілегіне сай облыстық деңгейдегі бірнеше лауазымды қызметтер атқарды.

Ол – президенттік сайлауға үш рет кандидат болып тіркелген тұңғыш губернатор. Саясаткердің Кемерово облысы-

және II дәрежелі «Отанға сіңірген еңбегі үшін» ордендерімен марапатталған. Ол Моңғолия Ғылым академиясы Улан Батор университетінің құрметті профессоры, Халықаралық ақпараттандыру академиясының және Халықаралық инженерлік академияның толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының шетелдік мүшесі еді.

Пенде өз заманының, уақыттың әміріне бағынбай тұра алмайды. Кеңестік жүйенің ролін ұстап қалған құрылым – өзгелердің өзіне құл болуын қалады. Ал нағыз ұлтжанды азамат құл болмақ емес. Ормандай орыстың арасында қанша жауапты қызмет

батын рухани ортасы да осы топтырақ болды.

Ұлт рухына өмірін арнаған жандар – нағыз батырлар. Аманкелді ағамыз өзінің атына сай нағыз рухы мықты батыр болғанын байқаймыз. Егер оның рухы болмаса қалың орыс ұлтының арасында жүріп, қол бастамас еді. Ол Тәуелсіздік заманында ғасырлар бойы кіріптар болған тарихымызға үңілді, халқымыздың рух күшіне бас иді, тарих қойнауына ой тастап, ұлыларымызға көңіл қойды. Буырқанып-бұрқанып жау аптығын баса білген, ұлтына деген сүйіспеншілігін ұрпағына мұра еткен асыл текті ата-бабаларымыздың ерлік істерінен жігер

жаныған күш-қуат алды. Ақиқатында, әр жанның өз ғұмырында өлшеулі бағы мен мұңы болады. Тағдырдың өмір жолы да сирек тоғысып жатады. Бір назар аударарлығы, билік басында жүрген адамдар өз қасіретін жүрек түкпіріне жасырады. Ал оған үңіліп қарасаң, ол бірде жарқын, бірде сұрқай, кейде болымсыз шарасыздықтарға толы болып келеді. Иә, ол мұндай сәттерді басынан сан мәрте өткізгені анық. Пенде болғасын, ішің жанып тұратын кездер де болады. Кейде ішкі энергияң сөніп бара жатқанда, маңдай тірейтін жақыныңды іздейсің. Осындай сәтте Аманкелді ағамыздың өзіне рухани тіректі өзі аңсап кеткен туған халқы мен қазақ даласынан іздегені анық. Себебі ол өзімен сұхбат құрған журналистке «Маған жұмақтың төрі қайда десе – оған қазақтың жерінде деп жауап берер едім, қазір қанаты қайырылған құстай болып отырмын» деп айтпаған болар еді.

Кейде қитұрқы сұрақтар қойып, белгілі бір мақсатпен сынағысы келгендерге тіке жауап беруден де тайсалмады. «Қазақстанда Алаш арыстарының рухы бар, Абайдың рухы бар. Менің атымның өзі – қазақ батырының құрметіне қойылған» деп жауап беруден тартынбады.

Әділетті адам әрқашанда ешнәрседен қаймықпайды. Ол үнемі қорқынышсыз, әділет жағында болды. Оны тобырдың айқайы да, тианның зорлығы да әділдік шеңберінен шығуға мәжбүр ете алмады. Оған бірнеше рет қастандық та жасалды. Бірақ, қаскүнемдер оны алған бағытынан тайдыра алмайды. Мұндай азаматтар еш уақытта тарихтың сахнасынан да, халықтың санасынан да өшпейтін анық. Шығыстың ұлы шайыры Руми: «Ұлы адамның бейітін жер бетінен іздемеңдер, олар өз халқының жүрегіне жерленеді» деген екен. Аманкелді Молдағазыұлы кісілігіне кір шалдырмай, адам деген ұлы атқа дақ түсірмей өткен, рухы биік, парасатты алып тұлға болатын.

Тұлғаларымыздың есімін ұрпақ жадына салып отыру – біздің асыл міндеттеріміздің бірі. Ол біздің ата-баба және өткендер алдындағы қасиетті парызымыз болмақ. Соңында өшпестей із қалдырған жандарды аялау, қастерлеу – өсер елдің тірлігі деп білеміз. Төлеевтің көрнекті қайраткер болып көрінуінде қазақ елінің де тілеуі бар.

Аманкелді Молдағазыұлы сияқты есіл ердің есімін ел есінде сақтау үшін өзі аянбай еңбек етіп, маңдайының тері сіңген Кемер өлкесінде бір айтулы шара қабылданса деген тілек бар. Ресей билігі Аман Төлеев сияқты нағыз меритократ-патриотты, шын мәніндегі мемлекет және қоғам қайраткерінің Ресей халқы алдындағы еңбегін жоғары бағалап, оны мәңгі есте қалдыру бағытында тиісті іс-шаралар қабылдайды деп сенеміз. Мұндай сәтте ердің әруағы да риза, елінің еңсесі де биік болар еді.

Бұл ретте біздің де жауапкершілігіміз бар заңдылықты сақтай отырып, Астана, Алматы, Шымкент қалаларында көшелерге есімі беріліп, ескерткішін тұрғызуды да қолға алсақ, құба-құп болар еді. Бұл мәселелерді атқарушы билік ескерер деп ойлаймыз.

Иә, уақыт озады, заман алмасады! Аманкелді Молдағазыұлы өз кітабында жазғандай, «Жемістің тәттісін халқына беріп, ащы дәмін өзі татқан» оның жарқын бейнесі халық жадынан, сірә, өшпек емес!..

**Бекет ТҰРҒАРАЕВ,**  
**Қазақстанның еңбек**  
**сіңірген қайраткері, заң**  
**ғылымдарының докторы**

Астаналық театр сүйер қауым текті өнердің сахнасында 25 жылдан аса уақыт бойы өнер көрсетіп келе жатқан Гүлмира Жакилинаны жақсы таниды. Себебі ол – сахнадағы шынайылығымен әр жүрекке жол таба білген актриса. Бүгінде Әзірбайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрының сахнасында сомдап жүрген рөлдері де бір-біріне ұқсамайды. Кино әлемінде де тәжірибесі жоқ емес. Жақында біз Мәдениет саласының үздігімен театр және кино әлеміндегі қызықтар мен қиындықтар жөнінде әңгімелестік.



# БӘСЕКЕ АКТЕРДІ ӨСІРЕДІ

**– Гүлмира Тілепалдықызы, сіз өнер жолына қалай келдіңіз?**

– Мен қазіргі Абай облысы Ақсуат ауданы Ойшілік ауылында туып-өстім. Театрға қызығуыма Абай атындағы драма театрының «Сауыншы қыз» қойылымы әсер етті. Ол кезде оқушымын. Ауылымызға келген театрдың спектаклін тамашалап отырып, мен үшін сахнаның ар жағындағы өмір қызық болды. Сөйтіп, Семей өңірінде мектепті тәмамдап, Алматыдағы Т.Жүргенов атындағы академияға түстім. Академия қабырғасында ұстаздарым Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрқанат Жақыпбай мен Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Ғазиза Әбдінабиеваның шеберханасынан өттім. Марқұм Ғазиза апайымыз екеуіміз салмақтылау, толықтау болатынбыз, сол кезде маған «Гүлмира, бізге арықтау керек. Бүгіннен бастап нан жемейік» дейтін еді. Осының өзін қарап отырсам, бір ғана нанның мысалында бұл өнерге дайындаған мектеп болды. Басар қадамымызды шорт кесіп тастамай, бірден тыйып салмайтын. Сол кісілердің өнегесін көріп, төрт жыл бойы білім алдық. Кейін Көкшетаудағы Ақмола облыстық Ш.Құсайынов атындағы Қазақ музыкалық драма театрында жұмысқа орналасып, 18 жылдай қызмет атқарыпмын. Осы театрда жүргенімде Тұрсынбек Қабатов «Базар жоқ алаңы» деген жоба өткізіп жатқанын естідім. Театрдағы әріптестерім: «барып, өнеріңді көрсетсеңші, комедияға жақынсың ғой» деп қолпаштаған соң қатысып көрейін деп шештім. Содан ол жобадан 2-орын, 700 мың теңге сыйақы алдым. Іріктеуден өткен соң Тұрсынбек Қабатов мені Әзіл әлемі театрына шақырды. Ол жерде біраз жұмыс істеп, кейін Ә.Мәмбетов атындағы комедия және драма театрына ауыстым. Елде жоқ, ғарыштық сипаты бар театр қайғы мен қуаныш қатар жүретін өмірдегідей драма мен комедияны қоса алып жүреді. Көрерменді күлдіріп отырып, бір ой түйсін деген мақсатпен жылжытатынымыз да бар. Театрға кейін қазақтан шыққан тұңғыш режиссер Әзірбайжан Мәмбетов аты беріліп, ұжымдағы әртістер де арқаны кеңге салып, жас болса да, осындай театрда қызмет ететінін мақтанып

айта алатын болды. Театрдың бағыты да сол, екі жанрды бірге алып, кенже қалдырмай, әр спектакльде көрсете білу.

**– Жалпы, актерлік талант бойыңызға қанмен келді ме? Әлде термен келді ме?**

– Әу демеітін қазақ жоқ. Әкемің өлең шығаратыны болса, анам ән айтатын. Меніңше, талант қайткенде де адамға қанмен келеді, бірақ адамға да еңбектенбесе болмайды. Талант қандай керемет болса да, оны ұштап тұрмаса талант болудан қалады. Бойымы осы өнер дарыған екен, сондықтан маңдай термен ұштап отыруға тырысамын. Бұл жерде жанымдағы жақындарым мен ұжымымның қолдауы тағы бар.

**– Қай рөліңіз жаныңызға жақын, не себепті?**

– Әрбір актер үшін рөлді алып шығу тоғыз ай, тоғыз күн құрсағында бала көтерумен бірдей. «Қалай сөйлейді, жасы нешеде, іс-әрекеті қандай?» деген секілді сұрақтар өз басымды мазалайды. Премьерада спектакль образдарының жүз пайыз ойдағыдай шығуы әр кезде әртүрлі. Кез келген жаңа киімді алғанда, әу баста аса бір ұқыптылықпен қараймыз ғой. Кейін жүре келе, уақыт өте оның да тігісі жатады. Театрда да солай, образдар арада уақыт өткен сайын ашыла түседі. Бірақ, меніңше, актер рөліне тоймау керек. Болдым,

жасадым деген театрда жоқ.

Өзбекстан Республикасының көрнекті жазушы-драматургі Саид Ахмадтың «Келіндер көтерілісінде» қатал ене кейпінде Фармонның рөлін сомдаймын. Өзім әзір ене атанбаған соң, бұл рөлді алып шығу оңайға соқпайды. Сол сияқты босанбаған актрисаға баласы бар әйелдің рөлін ойнау қиын. Әрине, актриса бәрін жасауы керек, бірақ сомдалатын рөлді болмысынан тудыру қажет деп санаймын. Енді, бұл қойылымда бірге ойнайтын әріптестерімнің жақсы болуының арқасында шыны керек, ләззат аламын. Сұрапыл соғыстың зардабын көрсететін жазушы Дулат Исабетовтің «Тыныштық күзетшісінде» ойнайтын Хадисаның рөлі бар.

«Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағында» соғысқа аттанған күйеуі туралы қара қағаз келіп, тылда, көрінбейтін майданда жүріп, қолғап тігіп, жүн апаратын еңбек адамының бейнесі өзінше жақын. Актерліктің бір жақсысы – әр мамандықтың иесі атанамыз. Мұндай қызық тәжірибе Александр Володиннің «Сені сағымды...» драмасындағы соттың рөлін сомдаумен берілген. Әр рөлдің өз тәттілігі бар. Мен рөлдерімнің ешқайсысын бөліп-жармаймын. Былтыр бірде ауырыңқырап, аутизм тақырыбын арқау еткен «Детектив Кристофер» қойылы-

мындағы Александер ханымының рөліне шыға алмап едім. Сөйтіп, орныма басқа бір актриса шығатын болды. Мұндай кезде рөлге деген қызғаныш емес, «сахнаға қалай алып шығады?» деген уайым, махаббат басым тұрады. Театр осындаймен таласатын, жарысатын орта қалыптастырып, өшірмейді, қайта өсіреді.

**– Көп рөлдеріңіз ана, апа, әже бейнесінде екен. Көрерменге ананың бүгінгі өмірдегі рөлін бере алдым деп ойлайсыз ба?**

– Адам болғаннан кейін бойымызда жақсылығымызбен бірге кемшілік те қатар жүреді. Бірақ ана деген жалғыз. Сондықтан ана образынан ешқандай қателік көрмейміз. Дегенмен, сахнада ана атына тұрарлықтай бола алдым ба деген ой, әрине, мазалайды. Сомдаған рөлімнен көрерменнің бірі өз анасын, енді бірі жеңгесін, апасын көре алса екен, көңіліне медеу ұялатсам екен деймін. Ал енді оны қаншалықты бере алғанымды көрермен өзі шешіп, бағасын берер. Өз басым ана келбетін қаншалықты бере алғанымды әлі де қаншама еңбек керек деп білемін. Сахнада мен өз анамнан көрген, үйренген іс-әрекетті беруге тырысамын. Бастысы – келген көрермен бойында анаға деген сыйластық пен махаббатты ояту, нығайту.

**– Театр сізді өзгертті ме?**

– Қазір ұжымдағы әріптестерімнің дені – жастар. Бәйгедегі жүйрік аттың шабысындай, жастардың да пысық екені бірден аңғарылады. Өзім де солардың шабысынан қалмай, бірінші болмасам да, қатармен бірге ойлап, ойнауға үйрендім. Жас буынмен жұмыс істегеннен жасарып қалатындайсың. Олардың толқынында болып, түрлі қызық тәжірибелер жасап, артынша мұндай да дүние жасауға болады екен ғой деп ой түйетінім бар. Театр өнерде жас ерекшелігі жоқ екенін, адамның қартаймауының түсіндірді. Бастысы – шынайылық. Театр пасықтық пен арамдықты кешірмейді.

**– Режиссер сізге рөліңізді бекітіп бергеннен кейін, әрі қарай қалай дайындаласыз?**

– Мен күнделікті театрға келген уақытта міндетті түрде сахнаға амандасамын. Себебі сахнадан қаншама театр майталмандары мен хас шеберлер шықты. Ұрпақтан-ұрпаққа тараған өнерді жалғастырушы ретінде, сол кісілерге өзімше тағзым түрінде осы дәстүрді ұстанамын. Сахна тілінің арнайы жаттығуларын орындаймын. Дегенмен көрермен алдына шығарда қорқыныш деген нәрсе бар. Мен сахнаға шыққаннан кейін қорқамын. Қанша көрерменнің алдына өнер көрсететіндіктен сөзсіз қобалжу болады. Театрда «төртінші қабырға» деген ұғым бар. Қойылым барысында түрлі көрермен болады, бірі қуанса, екіншісі саған ала көзімен қарауы не ойыңды бөлуі мүмкін. Сондықтан мен сахнада көрерменді көрмеуге тырысамын.

Жалпы, сахнаға шығар алдын сомдайтын рөліңді ойлап, ауырасың. Егер немқұрайды қарасаң, рөлің де төмен деңгейде шығады. Кейбір рөлдер актердің ізденісін талап етеді. Өйткені драматургиялық жағынан ашылмаған рөлдер болады.

**– Қазіргі қазақ театр өнерінің даму деңгейіне қандай баға бересіз?**

– Бұрынғы қойылымдармен қазіргілерді салыстырып қарасақ, қарапайымдылық басым. Актерлер тілі өміршең келеді. Басқа театрларға барып, қараймын. Адам адамға қарап бой түзейді деп, өзгелерге қарап сабақ аламын. Актерлер де, кез келген мамандық та сондай болуы керек деймін. Елде қаншама жекеменшік театрлар ашылып жатыр, сондықтан даму қарқыны күшті деп есептеймін. Қазақ жазушысы Шерхан Мұртазаның «Театр көбейсе, түрме азаяды» деген сөзі бар еді. Бір ғана осы эпиграф бүгінгі театрдың өмір сүруінің негізін аша түскендей. Қай театр болсын, әр қойылымнан ой түйіп қайтасың. Театрлар арасындағы осындай алға жылжытатын басынөң

болуы да даму деңгейіне әсер етіп отыр.

**– Қолыңда қаржысы бар адам режиссер, танысы бар жан актер атанып жүр. Бұл көрерменнің талғамын, қазақ киносының беделін түсірмей ме?**

– Қазір киноны қаражаты бар, қолынан іс келетін кез келген адам түсіріп жүр. Бұл үрдістің дұрыс жағы да бар. Кинодағы бәсекелестікті арттырып, көрерменнің таңдауына қарай ұсынады. Әр нәрсе сүзгіден өтеді. Қоғамның сын пікірінен кейін бәлкім, «мен» деген режиссерлер мен актерлер сондай ортадан да шығатын секілді.

**– Кинода ғана емес, театр сахнасында «Н»-ға тілі келмейтін актерді де көріп жүрміз. Бұл актердің сауатсыздығынан ба? Нағыз актер қандай болуы керек?**

– Сөзіңіздің жаны бар. Экраннан көрінсем болды деген жастар кездеседі. Мәселен, «сен келесің ба?» деп, екпінді дұрыс қоймаса, не бастауыш пен баяндауыштың орындарын ауыстырса, бірден көзге түседі. Қазақы сөйлеу мәнерінің әсемдігі де кетіп қалады. Көбіне мұндай кемшілік кәсібилігі жоқ актерлерде кездеседі. Жаттап алған сөзін судыраптып айтып беретіндер де бар. Нағыз актер өз саласының кәсіби маманы болуы керек. Нағыз актер шыңдалуы керек, театрда да, кинода да қамшы салдырмауы қажет.

**– Өнерге, театрға мемлекеттік қамқорлық болмай, оның көмегінсіз көгеруі де екіталай. Актерлердің жалақы мен баспана мәселесі қалай шешіледі?**

– Әлеуметтік-тұрмыстық мәселе кез келген салада қадам аштырмайды, бас көтертпейді. Дегенмен, бұрынғыдан гөрі бүгінде өнердегі өзектілік бірнеше еселеніп кеткендей көрінеді. Қазақстанның барлық өнер ошағында актерлердің жалақысы салыстырмалы түрде бірдей. Әрине, ұлттық статусы бар театрларда жоғарылау болуы мүмкін. Театрға кадр құтайтпайтынын бірі – баспана мәселесі. Актердің өзі тоқ болмаса, көрерменге берері де солғын тартпай ма?! Десе де, мемлекеттік, тіпті облыстық театрлардың өзінде баспана алып жатқандар жоқ емес. Күні кеше Астана қаласы Мәдениет басқармасы да маған пәтер кілтін табыстады. Басқаларын білмедім, біздің театрда қойылым соңынан актерлерді үйіне дейін жеткізіп тастайтын арнайы көлі қарастырылған. «Үйдегі ойды базардағы нарық бұзады» дегендей, тұрмыс тауқыметімен жүнжіген актер сұлулық туралы шабытты әңгіме айта алмайды. Осының барлығын ескере отырып, мұндай қадамдар жасалып жатқаны қуантады.

**– Әңгімеңізге рақмет!**

Индира БЕРЖАНОВА



## «САЛТАНАТ СИНДРОМЫ»

Астана қаласы әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия бірқатар қалалық басқармалармен, үкіметтік емес ұйымдармен және БАҚ-пен бірге белсенді жұмыс істейді. Еліміздегі гендерлік саясаттың жүзеге асыру мақсатындағы көп шаралардың бірі – әйелдер мен балаларға қарсы зорлықты түп-тамырымен жою болып табылады. Соның бірі – дағдарыс орталықтары, сенім телефондары, зорлық құрбандарына арналған баспаналар мен паналау желілерін кеңейту көзделуде. Елордада 75 орындық төрт баспана жұмыс істейді. Өткен жылы сол орталықтарда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың 211 құрбаны мен өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдар, оның ішінде 63 әйел мен 148 баланы қабылдады.



Айгүл  
УАИС

Ұзақ уақыт бойы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты көп айтылып, тиісінше бағаланып, көңіл бөлінбей келгені рас. Қоғамда осы тұрғысында орын алған оқиғалардың жалпыға қатысы жоқ, тек жекелеген адамдарға қатысты қабылданатын. Үлкен қалаларда зорлық-зомбылыққа қатысты орталықтар жұмысына да қоғам салғырт қарайтын. Оның жұмысы да бүркемеленіп, қоғам назарына түсе бермейтін. Оған әйелдердің өздері де себепкер. Ашынып айтқан жоқ, басымдағы қасіретті жеткізуге дәрмені де намысы да болмады. Қоғам алдындағы ұят, күйеуі алдындағы қорқыныш, балаларды қалай жеткізем деген уайым, одан қалды эмоционалдық тәуелділік үйдегі жанжалды сыртқа шығармауға үйретіп, іштен тынған әйел-байбұқтың күнін тозаққа айналдыратын. Тұрмыстық зорлық-зомбылық деп ер адамның әйеліне жасаған зорлығын, қиянаттын айтып отырмыз. Жай сөзбен айтқанда, ерлі-зайыптылар арасындағы кикілжіңнің соңы төбелеске айналуы. Зорлық тек жұдырықпен шектеліп қалмайды. Қаражаттан қысу, кемсіту-мұқату да осы санатқа кіреді. Әйел жаратылысынан еркектің күшіне қарсы тура алмайды. Мұндайда «ерлі-зайыптылардың арасына есі кеткен түседі» демекші, жақындарынан қолдау болмай, адамның өзгеретініне деген үзілмейтін үміттен өмірін жалғастыра береді. Бұл барлық қазақ отбасына тән жағдай деп айта аламыз. Өмірінде бір рет

болса да тұщы етіне ашы таяқ тимеген әйел жоқтың қасы. Оның дұрыс еместігін, қол көтеруге болмайтынын, бірлесе өмір сүрудің басқа жолын қарастырудың қажеттігін батыл айтып отырмыз. Бұл батылдық елордада өтіп жатқан сот процесінің жаңғырығы десе болады. Марқұм Салтанаттың өлімі жай өлім болған жоқ, бұл қатыгез күйеуінің жұдырығына жаншылып жүрген талай бейбақтың санасына тиген тоқпақтың болды. Жауыздықпен өлтірілген Салтанат өлімінен кейін зорлық-зомбылық әлеуметтік мәселе ретінде айқындала бастайтын болады.

Әрине, айналаны топан су басып, барша қазақстандықтар жанын шүберекке түйіп отырғанда елдің назарын аударып шұбылдатқаннан не пайда дейтіндер де табылар. Тіпті, қанішердің құлығын ақтап алғысы келетіндер де жоқ емес. Алайда мұны қоғамның ізгіленуіне, мейірленуіне, әйел мен еркек арасындағы жаңа қарым-қатынастың қалыптасуына бір септігі тиер деп қабылдауымыз керек. Егер Астанада сот ашық өтпесте, оның әрбір сөзін, әрбір сөзін барша халық көзін аудармай көріп отырмағанда әсері мұндай болмас еді. Сот болған соң, тұрмыстың қабагерістігі көлеңкелері айтылады, көп нәрсе көтеріледі, ұятты жағдайлар жұртшылыққа жетеді, қылмыскердің қаншалықты азғындалғаны да осы процесте анық болады. Бола берсін. Қоғам да осылайша кірден тазарды. Жаңа сапаға көшетін өткел болмақ.

Жаңа сапа дегеніміз не? Ол – жақын адамдардың сіз-біз-

десуінің жоғары мәдениетінің қалыптасуы. Сыйластықтың салтанаты. Кейде бейтаныс адамдармен сыйласа алатын басымыз, өз отбасымызға, ең жақынымызға келгенде тарылатынымыз қалай? Отбасы бақырты дегеніміз не дегенде көбіміз мүдіреміз. Әйел анадай болу керек, мынадай болу керек дегендей, отбасы институтының бар жауапкершілігін бір әйелдің басына үйіп-төгіп қоямыз. Дұрыс па?! Бұл – қазіргі уақытта қоғамда кең тараған түсінік. Әйелдің отбасының сақтаушысы екені белгілі. Жаратылыс жүктеген сол міндетін атқару үшін көбінесе әйел болашақ жарын таңдағанда қорған болар қамалды, тұрақтылықты және бақұтты өмір сүру деңгейін алға шығарды, соған кепіл болатын адамды іздейді.

Егер аталарымыздың заманындағы классикалық патриархалдық отбасын алып қарасақ, әжелеріміз сол міндетіне адал болып, абыроймен атқарды. Қорған болар жар таңдап, біздің әкелерімізді жетілдірді. Десе де, күні бүгінде көп нәрсе өзгергенін ер-азаматтардың мойындағысы жоқ. Әке-күйеу, әдетте, аз-мұз ақша тапқанын міндетсініп, әрі кетсе ас ішіп, келіп, тағы басқа шаруаны бітіргеннен асып кетпейді. Онысына қоймай, ол өз әйелінен және басқа мүшелерінен де отбасының барлық тірлігін қамтамасыз ететін қызметтердің мүлтіксіз орындауын қатаң түрде «талап етеді». Өзіңдей немесе одан көп ақша тауып отырған әйелінің орнын елегісі келмейді. Әйел де тұлға болып қалыптасып, ағай-



Ескі әдетпен, ер-азамат әлі де сүйіп алған жарларын үй шаруасындағы әйел ретінде, тек өздеріне қарап, өзінің ғана жағдайын жасатып, айтқанымен тұрғызып, айтқанымен жүргізгісі келеді. Алайда әйел мұндай «құрбандыққа» баруы үшін оң-солы толып, ішіп-жемнен кемдік көрмеуден басқа күйеуінің жақсы мінезінің болғанын қалайды

ын-туыстың ғана емес қоғамның да белсендісі болып, алға қойған армандарына қол жеткізгісі келеді. Әйел білім саласында да, қоғамдық өмірде де белсенді субъект ретінде танылғалы қашан. Бірақ отбасында бұл сұраныс қолдау таппайды. Қоғам да ақырындап гендерлік саясатты қалыптастырып келеді. Бүгінде әйел тәуелсіз, ақылды, білімді, мансап биігіне көтеріле алады. Кей жағдайда бір өзі бір отбасын «сүйреп» келетіндері бар. Мұндай әйелдерді білектің күшімен ұстай алмайтынына әркімнің де көзі жетуі тиіс. «Салтанат синдромы» дегеніміз – осы.

Ескі әдетпен, ер-азамат әлі де сүйіп алған жарларын үй шаруасындағы әйел ретінде, тек өздеріне қарап, өзінің ғана жағдайын жасатып, айтқанымен тұрғызып, айтқанымен жүргізгісі келеді. Алайда әйел мұндай «құрбандыққа» баруы үшін оң-солы толып, ішіп-жемнен кемдік көрмеуден басқа күйеуінің жақсы мінезінің болғанын қалайды.

Еуропада әлдеқашан басталып кеткен феминизм бізге де жетті. Мүмкін Салтанаттың ажалының себебі «алтын торды» азсынғанынан болар. Кім біледі?! Осыдан тура 35 жыл бұрын Канадада «Ақ лента» науқаны өтті. Бұл ел астанасы Монреалдағы политехникалық мектепте Марк Лепиннің феминизмге қарсы жасаған қанды құрғынынан кейін канадалық ер адамдар арасында пайда болған қозғалыс еді. Олар қарнына ақ лента байлап алып, әйелдерге жасалған жауыздыққа қарсы екенін білдірді. Ол кезде 14 әйел ажал құшқан екен...

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

## САЛДАРЫМЕН ЕМЕС, СЕБЕБІМЕН КҮРЕСЕЙІК

Соңғы кездері әлеуметтік желіде Fortebank-тің «Казахский язык – не обязательно» деген сөзі біраз шуға ұласты. Осы сөзге бола аталған банкті қара есепке теріс мінгізіп, «банк Қазақстандағы жұмысын тоқтатсын» деген талапты айтып жатқан азаматтар да бар. Бір қарасаң, орынды талап сияқты, бірақ «Мемлекеттік тілге қатысты құр сөзден ештеңе шықпайды. Ең бастысы, нақты іс болуы керек» деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, тіл мәселесі әлеуметтік желідегі айқаймен шешілмейді.

Қалиқбар  
ҮСЕМЖАНҰЛЫ

Ұлттық банктің мәліметіне сүйенсек, Қазақстанда екінші деңгейлі 21 банк бар. Ал бұл банктер қай тілде сөйлейді? Жалпы банктердің және басқа да салалардың қазақшасының ақсап тұрғаны бүгін пайда болған жыр емес. Ел тәуелсіздік алған жылдардан бері қазақ тілінің жағдайы туралы сан түрлі пікір айтылды, көбі айтылған жерінен аспай қалып жатты. Депутаттардың Мемлекеттік тіл туралы заң керек деген талпынысынан да әлі ештеңе өнген жоқ. Оның үстіне Қазақстандағы барлық жүйе орыс тіліне бейім болғандықтан, көп орында орыс тілінің десі басым. Тек банктер ғана емес, халыққа қызмет көрсету орталықтарында да «Қазақшасы жоқ па?» деп сұрамасаң, қызметкерлер қажетті қағаздардың орысшасын бере салуға бейім тұрады. Неге? Өйткені біздің билік те, халық та қазақ тіліне қарағанда орысша жазып-сызуды жеңіл көреді. Екінші тұрғыдан алғанда, орысша іс қағаздарына жұрттың бойы да, ойы да үйреніп кеткен. Оның үстіне, Қазақстанда орысша билесек жан баға алмайсың деген көзқарас әлі де басым. Орысшаның ортақ тілге айналып кеткені соншалық, қазір қай саладан жұмыс іздесең де, алдымен «Орысша билесің бе?» деп сұрайды. Тіпті, мемлекеттік қызметкерлерге де осындай талап қойылады. Мемлекеттік органдарда қазақ тілін білмесе де, орыс тілін судай сөйлейтін қызметкерлердің көптігінің бір себебі осында.

Мемлекет басшысы «Қазақстан халқын ұйыстыратын тағы бір символ – мемлекеттік тіл. Тіл, ұлттаралық қатынас – ішкі тұрақтылыққа ықпал ететін өзара тығыз әрі маңызды факторлар» деп сан рет

қайталағанымен, бұл мақсат шын мәнінде орындалмай келеді. Өйткені біздің елде «мұндай маңызды мәселелерден саяси құрал жасауға болмайды. Осындай қоғамдық тұрғыдан сезімтал мәселелерді саясиландырудың кесірінен кейбір елдер қасіретті ақсап тұрғаны бүгін пайда болған жыр емес. Ел тәуелсіздік алған жылдардан бері қазақ тілінің жағдайы туралы сан түрлі пікір айтылды, көбі айтылған жерінен аспай қалып жатты. Депутаттардың Мемлекеттік тіл туралы заң керек деген талпынысынан да әлі ештеңе өнген жоқ. Оның үстіне Қазақстандағы барлық жүйе орыс тіліне бейім болғандықтан, көп орында орыс тілінің десі басым. Тек банктер ғана емес, халыққа қызмет көрсету орталықтарында да «Қазақшасы жоқ па?» деп сұрамасаң, қызметкерлер қажетті қағаздардың орысшасын бере салуға бейім тұрады. Неге? Өйткені біздің билік те, халық та қазақ тіліне қарағанда орысша жазып-сызуды жеңіл көреді. Екінші тұрғыдан алғанда, орысша іс қағаздарына жұрттың бойы да, ойы да үйреніп кеткен. Оның үстіне, Қазақстанда орысша билесек жан баға алмайсың деген көзқарас әлі де басым. Орысшаның ортақ тілге айналып кеткені соншалық, қазір қай саладан жұмыс іздесең де, алдымен «Орысша билесің бе?» деп сұрайды. Тіпті, мемлекеттік қызметкерлерге де осындай талап қойылады. Мемлекеттік органдарда қазақ тілін білмесе де, орыс тілін судай сөйлейтін қызметкерлердің көптігінің бір себебі осында.

Тіл мен Ұлт – егіз ұғым. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» дейді ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы. Ұлы реформатор ғалымның бұл сөзі – ешқашан мәнін жоғалтпайтын даналық. Ахаң айтқан сөздің ақиқат екенін ЮНЕСКО-ның аясында өтетін «Халықаралық ана тілі күні» басқосуында лингвист ғалымдар да қуаттады. Ғалымдар әрбір екі апта сайын жер бетінен бір тілдің жойылатынын дәлел ретінде келтіріп отыр. Осыған қарап, әлемдегі 7 мыңға жуық тілдің ғасыр соңына қарай жартысы жоғалуға таяу деп болжап айтты. Егер біз тек саяси мүддені басты орынға қойып, ұлттың ұлы құндылығын ескермесек, ертең бәрі де кеш болуы мүмкін. Өйткені жаһандану үрдісінің толқыны біздің елді де айналып өтпейтіні анық.

### ҚАДАҒАЛАУ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛІГІНЕ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

Астана қаласы әкімдігінің «№4 қалалық емхана» ШЖҚ МКҚ, Астана қаласы әкімдігінің «№13 қалалық емхана» ШЖҚ МКҚ, Астана қаласы әкімдігінің «№15 қалалық емхана» ШЖҚ МКҚ қадағалау кеңесінің мүшелігіне іріктеу жөніндегі конкурстың басталғаны туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 бұйрығына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда қадағалау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Жоғары білімінің, сондай-ақ мынадай талаптардың біреуінің болуын қамтиды:

- 1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;
  - 2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;
  - 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.
- Қадағалау кеңесінің мүшесі ретінде мына тұлғалар сайланбайды:
- 1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
  - 2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
  - 3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
  - 4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды қадағалау

кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- 2) қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндемесі;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылық және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруге болады.

Қатысушы конкурстық өтінішінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сырты конвертке салынып мөрленеді.

Конкурстың өтетін орны – Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11-ғимарат, 419-кабинет, 556839.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2024 жылғы 14 мамыр. Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2024 жылғы 13 маусым.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ «Астана қаласында арнайы жол салу (1-Жағалау, Е549 көшелері және Есіл өзені арқылы өтетін көпір). I кезек» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылғы 20 маусымда сағат 11:00-де Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 30, 6-қабат. Сондай-ақ Zoom платформасында бейнеконференция жолымен онлайн режимінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігін хабарлайды. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда (БЭП) <https://ecorportal.kz> ұсынылады.

Жобаға тапсырыс беруші: «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ, Астана қ., Бейбітшілік к. 11, БСН: 151140001473, байланыс тұлғасы: Абжанова А., тел.8702 263 5649.

Ықтимал әсерлер туралы есепті әзірлеуші: «Чигина Т.О.» ЖҚ., Павлодар қ., Сәтпаев к-сі, 253, 150-пәтер, тел.: 87017587646.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталында және «Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Қосымша ақпаратты Тапсырыс берушінің мекенжайы бойынша алуға болады: Астана қ., Бейбітшілік к. 11. Ескертулер мен ұсыныстар порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады <https://ecorportal.kz>.



## ЖАҚАНОВТЫҢ ӘНДЕРІ ӘУЕЛЕДІ

Қазақта Илья Жақановтың әндерін білмейтін адам кемде-кем. Кең сахараны сазымен, сөзімен әдемі әсерге бөлеген композитордың әуендері халқымыздың арманын, ішкі жан дүниесін көрсеткендей. 11 мамырда Астанада Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясында Қазақстан Республикасының Еңбек ері, Қазақстан мен Қырғызстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы, өнертанушы, композитор Илья Жақановтың шығармашылығына арналған «Әнім саған, туған ел!» концертін ұсынды.

Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ

Илья Жақановты өнердің бір түрінен ғана кәсіби маман, шебер деп тану мүмкін емес. Оның өмірбаяны – оның сан қырлы талантының жарқын үлгісі.

Композитор – музыкада Біржан сал, Ақан сері, Құрманғазы, Ықылас, Шәмші Қалдаяқов және Нұрғиса Тілендиев сынды ұлттық өнердің ұлы қайраткерлерінің ізбасары. Композитор Жақанов – 200-ден астам әннің авторы, олардың көпшілігі танымал. Ең танымалы «Еділ мен Жайық» тек Қазақстанды ғана емес, әлемді шарлап кеткен.

Илья Жақанов – өткен ғасырлардағы рухани қазына мен заманауи кәсіби музыканы шығармашылық қоржынында ұштастыра білген зерттеуші әрі автор. Қазақ өнерінің алуан түрлілігі

мен сұлулығы Илья Жақановтың әуезді әндерінде көрініс тапқан.

«Әнім саған, туған ел!» концертіне филармонияның қазақ оркестрі, «Қорқыт» этно-ансамблі, «Шалқыма» халық би ансамблі ұжымдары қатысты.

Илья Жақановтың әндерін халық әні бөлімінің әншілері – ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері Гүлмира Сарина, Айгүл Қосанова, Мәдениет саласының үздігі Берік Омаров, Нұрай Танабаев, Телман Нұрқенов, Данияр Мұқан, Секен Сыздықов, республикалық байқаулардың лауреаттары Әйгерім Нартұйе, Өзгеріс Шерікбай, Жақсыкелді Маясаров, Сәулежан Тағзия, Зинат Қасымова тамылжыта орындады.

Елорданы ғажайып саз бен сырға бөлеген кеште халық эстрадалық бөлімінің орындаушылары – ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері Майра Ильясова, Светлана Айтбаева және Арайлым Рахым әйгілі композитордың әндерін

орындап, концерттің деңгейін шырқау биікке көтерді.

Классикалық вокал бөлімінің орындаушылары – халықаралық байқаулардың лауреаттары Алтынбек Әбілда, Эльмира Шпекбаева, Талғат Аллабиринов, Алтынбек Арыстанбек те шеберлігімен астаналық өнер иелерінің зор әлеуетін көрсетті.

Концерт бағдарламасында виртуоз-аспапшылар – «Құрмет» орденінің иегері Жанар Жүсіпова қобызбен сахнаға шықса, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Анар Мұздаханова домбырада тамаша туындыларды орындады.

Концертте автордың «Еділ мен Жайық», «Жайлауқөл кештері», «Асылым», «Ақ қайың», «Менді қыз», «Әселім, жаным», «Оралдың ерке самалы» секілді композитордың танымал музыкалық шығармалары тағы да Астана аспанында әуелеп, көрерменді зор әсерге бөледі.



## МУЗЕЙДІ ТҮНДЕ ТАМАШАЛАҢЫЗ

Дәстүрге сай 18 мамырда сағат 18:00-00:00 аралығында Қазақстан Ұлттық музейінде халықаралық музейлер күніне арналған «Музей түні» акциясы шеңберінде «Музей – құндылықтар мекені» атты мәдени-танымдық іс-шара өтеді.

Іс-шараның мақсаты – рухани-мәдени құндылықтарды, халқымыздың тарихын, мәдениетін бір кеңістікке біріктіре отырып, әртүрлі жанр мен стильдегі өнер туындыларын ұсыну.

Бұл күні таңғы сағат 10:00-нан бастап «Балдырған гид» шолу экскурсиялары, Ұлттық музейдің ғылыми жобалар аясында жарық көрген кітаптардың тұсаукесері, картина мен мүсін туындыларына көшірме жасаудан шеберлік сыныбы мен Ұлт-

тық музейдің жобалары аясындағы музейлік сабақтар өтеді.

Сағат 16:00-де ҚР Суретшілер Одағының мүшесі Рафаэль Слекеновтің «Тәңір нұры» атты жеке көрмесі ашылады. Сағат 18:00-ден бастап музей қонақтарына Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының концерті, қолөнершілер жәрмеңкесі, «Дала кескіндемесі: рәміздер, бояулар, бейнелер» мен «Ерлікке тағзым – елдіктің

белгісі» көрмелері, Ұлттық музейдің Консервация және қалпына келтіру қызметінің шеберлік сабақтары, «Музей қорындағы атақты тұлғалар домбырасының үнін жаңғырту» атты лекция-концерт ұсынылады.

Сонымен қатар көрермен үшін театрландырылған экскурсия, «Жұлдызды гид. 10 жұлдыз. 10 жауһар» шоу-жобасы ұйымдастырылады. Мәдени-танымдық іс-шара «Crossfire Show» қойылымымен аяқталады.

## ТАРИХИ ЖЕҢІС!

Астанада дзюдодан Qazaqstan Barysy Grand Slam әлемдік турнирі аяқталды. Қазақстан құрама командасының дзюдошылары 1 алтын, 3 қола медаль еншілеп, жалпы командалық есепте 5-орынға тұрақтады.



Ерлер арасында Қазақстан намысын жеті салмақ дәрежесі бойынша 28 дзюдошы қорғады. Ал әйелдер бәсекесінде 25 спортшы жеті салмақ дәрежесі бойынша сынға түсті.

Әйелдер арасында жеңіл салмақ – 48 келіде белдескен Ғалия Тынбаева жартылай финалда Еуропа чемпионы француз Ширин Боуклиден айласын асырды. Ақтық сында ресейлік Сабина Гилизюваны иппонмен ұтты. Сөйтіп, Ғалия спорттық мансабында Grand Slam турнирінде алғашқы алтын жүлдесін алды.

– Қазақ қыздары арасында Ғалия

тұңғыш рет Grand Slam турнирінің чемпионы атанды. Ол жеңіске жету жолында табандылық танытты. Оның бойында чемпиондық рух бар. Өзгелерден биіктететіні осы қасиеті, – деді дзюдодан Қазақстан әйелдер құрамасының бас бапкері Ерлан Алпысбаев.

Одан бөлек, 60 келі салмақта күрескен Елдос Сметов, 73 келіде белдескен Бақытжан Абдурахманов, 81 келідегі Абылайхан Жұбаназар қола медаль алды.

## АЙАРУ – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Перудің Лима қаласында классикалық шахматтан оқушылар арасында әлем чемпионатында елордалық шахматшы Айару Алтынбек табысты өнер көрсетіп, алтын медаль жеңіп алды.



Әлемдік ой додасына әлемнің 9 елінен 75 астам шахмат шеберлері қатысты. 13 жасқа дейінгі категорияда бақ сынаған Айару жарыста мерзімінен бұрын жеңіске жетіп, 9 ойынның қорытындысы бойынша 8,5 ұпай жинап, чемпион атанды. Ол ең жақын қарсыласынан бір

жарым ұпайға алға шықты. Ал қазақстандық Иман Нәбиев 9 жасқа дейінгі категорияда қола жүлдені жеңіп алды. Турнир швейцариялық жүйе бойынша 7-17 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар арасында 9 турдан өтті.

## ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛҒАН ЖҮГІРІС

Астанадағы Триатлон саябағында жүгіруден дәстүрге айналған Run Night жарысы өтті. Жарыста 3, 5, 10 шақырым қашықтық бойынша жеңімпаздар анықталды.

Астанада апта сайын кемінде бір жүгіру жарысын өткізу қалыптаты үрдіске айналды. Бұл жарыстар өз ерекшеліктерімен әуесқой спортшыларды өзіне баурап, бас қала спорт істерінің өркендеуіне тың серпін берді. Сондай жарыстың бірі – Run Night жарысы. 3 жылдан бері өткізіліп келе жатқан бұл жарысқа қатысушылардың саны өткен жылғыдан бір есе көп болды. Мәселен, 2023 жылы бұл спорттық іс-шараға 70 спортшы қатысса, биыл қатысушылардың саны 160-тан асып тұсты.

– Біз үшін жарысты ұйымдастыруға ең қолайлы жер – Триатлон саябағы. Жарық әрі жүгіруге өте

қолайлы. Бұл турнирге Астанадан ғана емес, өзге қала, шетелден де тіркелгендер бар. Себебі бұл түнде ұйымдастырылатын жалғыз жарыс, – деді жарыс ұйымдастырушысы Денис Гордиенко.

Астана қаласында тұрып жатқаныма 3 жылдан асты. Осы уақыт аралығында спорт жарыстарынан қалмауға тырысып келемін. Бүгін бірінші рет түнгі жарыста бақ сынадым. Жүгіру бағыты өте қолайлы әрі қызықты болды. 10 шақырымды 55 минутта жүгірдім. Көңілім толады, – деп Испаниядан қызмет бабымен келген Джозеф атты қатысушы өз ойымен бөлісті.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –  
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –  
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың  
орынбасары –  
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды  
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қағталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №57

Баспаханна: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:  
010000, Астана қаласы,  
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:  
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81  
Тілшілер бөлімі: 42-41-03  
Жарнама: 42-43-52  
Va-tekla@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС